

ЕРЕЖЕЛЕР

банктік және өзге де операцияларды жүзеге асырудың жалпы талаптары туралы «Altyn Bank» АҚ (China CITIC Bank Corporation Ltd ЕБ)

Құрылымдық элемент	Тақырыбы (болған кезде)	Бет №
1-тарау	Жалпы ережелер.	1
2-тарау	Терминдер мен анықтамалар.	2
3-тарау	Депозиттер мен қарыздардың шекті сомалары мен мерзімдері.	5
4-тарау	Депозиттер мен қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары.	5
5-тарау	Депозиттер мен қарыздар бойынша сыйақы төлеу талаптары.	5
6-тарау	Банк қабылдайтын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар.	6
7-тарау	Банктік операцияларды жүргізуге арналған мөлшерлемелер мен тарифтердің шекті шамалары.	7
8-тарау	Банктік қызметтерді ұсыну туралы шешім қабылдаудың шекті мерзімдері.	7
9-тарау	Банктік қызметтерді ұсыну процесінде туындайтын банктік қызметтерді тұтынушылардың Жолданымдарын қарау тәртібі.	8
10-тарау	Банк пен банктік қызметтерді тұтынушының құқықтары мен міндеттері, олардың жауапкершілігі.	10
11-тарау	Банктік шоттарды ашу, жүргізу және жабу тәртібі.	13
12-тарау	Банктік салым шарттарын жасасу тәртібі мен мерзімдерін, сыйақыны есептеу және төлеу талаптарын, мерзімінен бұрын бұзу талаптары мен тәртібін қоса алғанда, Салымдарды (Депозиттерді) қабылдауға байланысты қаржы өнімдерін ұсыну талаптары.	16
13-тарау	Қарыздың банктік қызметтерді тұтынушы үшін жарамдылығын бағалау тәртібін, шартты жасасу, өзгерту және бұзу тәртібі мен мерзімдерін, міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсіліне қойылатын талаптарды, қарызды беру және өтеу тәртібін, төлем қабілетсіз банктік қызметтерді тұтынушымен (қарыз алушымен) өзара іс-қимыл тәртібін, оның ішінде кепіл нысанасына өндіріп алу рәсімдерін қоса алғанда, банктік қарыз операцияларына байланысты қаржы өнімдерін ұсыну талаптары.	18
14-тарау	Банктік қызметтерді тұтынушылармен жұмыс істеу тәртібі туралы ережелер.	29
15-тарау	Банк пен банктік қызметтерді тұтынушы арасындағы келіспеушіліктерді реттеу кезінде банктік қызметтерді тұтынушымен және банк/қаржы омбудсманмен өзара іс-қимыл тәртібі.	31
16-тарау	Өзге операциялар, оның ішінде банкаралық операциялар	32
17-тарау	Қорытынды ережелер.	34
Қосымшалар		35

1-тарау. Жалпы ережелер.

1. Банк өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына, оның ішінде Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес банктік және өзге де операцияларды жүзеге асыру құқығын беретін Уәкілетті органның әмбебап банктік лицензиясы негізінде, сондай-ақ Банктің Директорлар кеңесі бекітетін осы Банктік және өзге де операцияларды жүзеге асырудың жалпы талаптары туралы ережелерге (бұдан әрі – «Ережелер») және Банктің өзге де ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

2. Осы Ережелердің мазмұны ашық ақпарат болып табылады және банктік немесе коммерциялық құпияның нысанасы бола алмайды. Ережелердің осы тармағының күші Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банктік және/немесе коммерциялық құпия санатына жатқызған және тек Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген негіздер бойынша ғана жария етуге жататын нақты операцияны жүргізу талаптарына қолданылмайды.

3. Ережелерге қосымшалар осы Ережелердің ажырамас бөліктері болып табылады және бірыңғай құқықтық құжатты құрайды.

4. Операцияларды жүргізгені үшін Банк Клиенттерден осы Ережелерге қосымшаларда белгіленген банктік және өзге де операцияларды жүргізуге арналған Мөлшерлемелер мен Тарифтердің шекті шамалары (төменгі және жоғарғы шектері) шеңберінде белгіленетін Банктің қолданыстағы Тарифтеріне сәйкес комиссиялар мен сыйақылар алады.

5. Банк көрсетілетін қызметтерді дәстүрлі реттеуді ESG (Environmental, Social, and Governance) қағидаттарымен ұштастырып, орнықты даму стандарттарын банктік қызметтің бизнес-моделі процестеріне, оның ішінде нысаналы ұсынымдар деңгейіндегі жауапты қаржыландыруға тікелей енгізеді. ESG бейіні шеңберіндегі орнықты дамудың барлық бағыттары бойынша мыналарға қатысты неғұрлым тиімді шешімдер үшін жекелеген ұсынымдар әзірленеді:

➤ Борыштық жүктеме деңгейін, талаптардың ашықтығын, қызметтердің қолжетімділігін және өзге де әлеуметтік мәселелерді қамтитын әлеуметтік аспект.

➤ Тәуекелдерді басқаруды, комплаенс-бақылауды, сондай-ақ тұтынушылардың құқықтарын қорғауды қамтитын корпоративтік басқару; бұл Банктің ішкі корпоративтік мәдениеті мен есептілігінің бір бөлігіне айналады.

➤ Экологиялық аспект, оның ішінде қарыз алушыларды бағалау кезінде, бизнесті қаржыландыру барысында экологиялық тәуекелдерге және жалпы қоршаған ортаға ықтимал әсерді ескеру.

2-тарау. Терминдер мен анықтамалар.

6. Ережелерде (жоғарыда және бұдан әрі) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде (бұдан әрі – «Азаматтық кодекс»), «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – «Төлемдер туралы заң»), «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – «Банктер туралы заң») көзделген ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ҚР – Қазақстан Республикасы;

2) Реттеуші (қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі Уәкілетті орган) – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

3) Реттеушінің талаптары – Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2026 жылғы 15 мамырдағы № 91 «Банк қызметін жүзеге асыру шарттарына қойылатын талаптарды бекіту туралы» қаулысы;

4) Банк – «Altyn Bank» акционерлік қоғамы (China CITIC Bank Corporation Limited еншілес банкі);

5) Банктік қызмет көрсету шарты/Қосылу шарты – осы Жалпы талаптар шеңберінде жасалатын (оның ішінде өтініштер нысанында), Клиент қол қойған және Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес қосылу шарты болып табылатын Жалпы талаптарға Клиенттің тұтастай әрі сөзсіз қосылғанын растайтын шарттардың кез келгені (Ағымдағы шот шарты, Салым шарты, банктік шот ашу, оған қызмет көрсету және корпоративтік төлем карточкасын шығару туралы шарт, Корреспонденттік шот шарты, заңды тұлғаларға қашықтан банктік қызмет көрсету шарты, банкаралық және өзге де операциялар бойынша шарттар мен бас келісімдер және/немесе банктік және өзге де қызметтерді көрсету тәртібін реттейтін Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген өзге шарт). Банктік қызмет көрсету шарты Банк пен Клиенттің тиісті жазбаша келісімге қол қоюы және/немесе Клиенттің Банкке тиісті Өтініш беруі және оны Банктің акцептеуі арқылы жасалуы мүмкін;

6) Берешек – Банктік қызмет көрсету шарты, Жалпы талаптар бойынша Клиенттің Банк алдындағы барлық және кез келген борыштарын, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей, нақты алынған негізгі борыш сомасын және банктік қарыз бойынша сыйақыны, Банктің комиссиялық сыйақысын, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды), Банктік қызмет көрсету шартының, Жалпы талаптардың ережелеріне сәйкес Клиенттің Банк алдында туындауы мүмкін өзге де борыштарды білдіреді. Егер тиісті Банктік қызмет көрсету шартында өзгеше белгіленбесе, Клиенттің Берешек сомасын Банк күн сайын есептейді;

7) банктік қызметтерді тұтынушы – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес қажеттіліктер үшін Банктің қызметтерін сатып алуға ниет білдірген немесе оларды пайдаланатын жеке тұлға, сондай-ақ заңды тұлға (Қазақстан Республикасының қаржылық

қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамасында тікелей көзделген жағдайларда);

8) Қарыз шарты – Банк пен қарыз алушы арасындағы қаржыландыруды (оның ішінде шартты қаржыландыруды) беру туралы келісім, соның нәтижесінде Банктің қарыз алушыға талаптары туындайды (не болашақта туындайтын болады);

9) Консультациялық қызмет/консультация – Банк және (немесе) Уәкілетті агент банктік қызметтерді тұтынушыға Банк көрсететін банктік қызметтер туралы ұсынатын ақпарат және (немесе) түсіндірмелер;

10) кредиттік желі – қарыз алушыға банктік қарызды алу уақытын өзі айқындауға мүмкіндік беретін талаптармен, бірақ Банктің ішкі кредиттік саясаты туралы қағидаларда осындай кредиттеу нысаны үшін және кредиттік желіні беру (ашу) туралы келісімде белгіленген сома мен мерзім шегінде қарыз алушыны кредиттеу жөніндегі Банктің міндеттемесі;

11) кредиттік желіні беру (ашу) туралы келісім – қарыз алушыға кредиттік желіні беру (ашу) туралы келісімнің ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылатын шартта (шарттарда) немесе өтініште (өтініштерде) не төлем карточкасын пайдалану арқылы қарыз сомасы мен оны алу уақытын өзі айқындауға мүмкіндік беретін талаптармен жасалған Қарыз шарты;

12) тұтынушылық банктік қарыз – ипотекалық қарызды қоспағанда, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға және (немесе) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес өзге де мақсаттарға берілетін жеке тұлғаның банктік қарызы;

13) қайта қаржыландыру – Банктегі бір немесе бірнеше қолданыстағы қарызды толық немесе ішінара өтеу мақсатында банктік қарыз беру;

14) қаржы өнімі – осы тармақтың 7) тармақшасында айқындалған банктік қызметтерді тұтынушылар үшін Банктер туралы заңның 22-бабында белгіленген банктік және өзге де операцияларды жүзеге асыру шеңберінде Банк банктік қызметтерді тұтынушыларға ұсынатын банктік қызмет;

15) Салым (Депозит) – көрсетілген ақша бірінші талап ету бойынша немесе белгілі бір мерзімнен кейін, толық немесе бөліктермен, алдын ала келісілген үстемемен (сыйақымен) не онсыз, тікелей Клиентке немесе үшінші тұлғаға қайтарылуға тиіс екеніне қарамастан, Клиент Банкке номиналды түрде қайтару талаптарымен беретін ақша;

16) Клиент – жасалған шарттар негізінде жүзеге асырылатын банктік қызмет көрсетуді, қаржыландыруды және өзге де операцияларды қоса алғанда, Банктің қызметтерін пайдаланатын жеке немесе заңды тұлға;

17) қоса қарыз алушы – Қарыз шартына қарыз алушымен бірге қол қоятын және Қарыз шарты бойынша алынған банктік қарызды, оның ішінде сыйақыны және банктік қарыз бойынша басқа да төлемдерді қайтару міндеттемелерін орындау үшін ортақтас жауапты тұлға ретінде әрекет ететін жеке немесе заңды тұлға;

18) ортақтасқан жауапкершілік (ортақтасқан міндеттеме) – тұлғалар көптігі (екі және одан көп) бар міндеттеме, оған сәйкес Банк (кредитор) талап етуге құқылы, ал әрбір қарыз алушы (борышкер) міндеттемені толық орындауға міндетті;

19) қосымша қызмет – банктік қызметтерді тұтынушы – жеке тұлғаға негізгі банктік қызметті алумен бір мезгілде өз атынан және (немесе) үшінші тұлғаның тапсырмасы бойынша ұсынылатын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті болып табылмайтын және, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, банктік қызметтерді тұтынушы олардан бас тартқан жағдайда Банктің негізгі банктік қызметті көрсетуден бас тартуына әкеп соқпайтын банктік және (немесе) өзге де қызмет (жұмыс, қызмет көрсету);

20) негізгі ақпараттық құжат – қаржы өнімінің ерекшеліктері, талаптары мен тәуекелдері туралы ақпаратты қоса алғанда, қаржы өнімі туралы негізгі ақпаратты қысқа әрі қолжетімді нысанда қамтитын стандартталған құжат. Негізгі ақпараттық құжатты Банк банктік қызметтерді тұтынушы – жеке тұлғаға ұсынады:

➤ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес банктік қарыздар бойынша – Қарыз шарты жасалғанға дейін;

➤ өзге қаржы өнімдері бойынша – Банктің ішкі нормативтік құжаттарында айқындалған жағдайларда және тәртіппен;

21) овердрафт кредиті – операция жасалған кезде мұндай шотта ақшаның болуына қарамастан, банктік қызмет көрсету шартында белгіленген лимит шегінде есеп айырысу операцияларын жүргізу үшін банктік қызметтерді тұтынушының банктік шотын кредиттеу жүзеге асырылатын банктік қарыз нысаны;

22) Уәкілетті агент – Банктің Уәкілетті агенттерінің тізілімінде тұратын, банк болып табылмайтын, тапсырма шарты негізінде Банкке Клиенттерді тарту, Клиенттердің құжаттарының Банктің талаптарына сәйкестігін тексеру және Клиенттердің құжаттарын Банкке беру жөнінде қызметтер көрсететін жеке немесе заңды тұлға;

23) ҚР бейрезиденттері:

➤ ҚР-да тұрақты тұруға рұқсаты жоқ шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар;
➤ шет мемлекеттердің заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғалар және заңды тұлға болып табылмайтын ұйымдар;

➤ халықаралық ұйымдар;

24) ҚР резиденттері:

➤ ҚР азаматтары;
➤ ҚР-да тұрақты тұруға рұқсаты бар шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар;
➤ ҚР заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғалар;
➤ «Астана» халықаралық қаржы орталығының қолданыстағы құқығына сәйкес тіркелген заңды тұлғалар;

➤ ҚР бейрезидент банктерінің филиалдары, ҚР бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары, ҚР бейрезидент сақтандыру брокерлерінің филиалдары;

25) Мүгедектігі бар адам (МБА) — тыныс-тіршілігі шектелген және әлеуметтік қорғауды қажет ететін, аурулардан, мертiгулерден (жарақаттардан, жараланулардан, контузиялардан), олардың салдарынан немесе кемiстiктерден туындаған денсаулығының тұрақты бұзылуы бар, бұл тыныс-тіршілігінің шектелуіне әкеп соғатын және әлеуметтік қорғауды қажет ететін азамат;

26) Халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары (ХЖШТ) — жүріп-тұруда, ақпарат алуда немесе кеңістікте бағдарлануда қиындық көретін адамдар; оларға қарт адамдар (жасы бойынша зейнеткерлер), мүгедектігі бар адамдар, сондай-ақ өз бетінше жүріп-тұруда, қызметтер алуда, ақпаратты қабылдауда немесе кеңістікте бағдарлануда қиындық көретін адамдар жатады. Олардың қатарына балалар арбасын, кресло-арбаны, балдақты, таяқты пайдаланатын адамдар, сондай-ақ мектепке дейінгі кіші жастағы балалары бар адамдар да кіреді;

27) Сенім білдірілген тұлға — Клиент ерікті түрде айқындайтын, заңнама талаптарына сәйкес ресімделген сенімхат негізінде не заң күшіне орай оның атынан әрекет етуге уәкілеттік берілген және берілген өкілеттіктер шегінде қызметтер алуды, құжаттарға қол қоюды және өзге де заңдық маңызы бар әрекеттерді жасауды қоса алғанда, оның мүдделерін білдіретін жеке тұлға;

28) әмбебап банктік лицензия (немесе банктік лицензия) — Банкке банктік және өзге де операцияларды жүзеге асыруға Уәкілетті орган берген лицензия;

29) өзге де операциялар — Банктер туралы заңда көзделген, банктік операциялардан өзгеше, оларды жүзеге асыру құқығы Банктің әмбебап банктік лицензиясында көзделген операция түрлері;

30) банктік және микроқаржы активтерін сату жөніндегі электрондық сауда алаңы — ҚР заңнамасына сәйкес жұмыс істейтін, сауда-саттық өткізу инфрақұрылымын қамтамасыз ететін интернет-ресурс;

31) сервистік компания — сенімгерлік басқару шарты шеңберінде Қарыз шарты бойынша құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқаруға өкілеттіктері бар стрестік активтерді басқару жөніндегі еншілес ұйым немесе коллекторлық агенттік;

32) Қаржы институты (Контрагент) — қаржы нарығының кәсіби қатысушылары болып табылатын (банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, сақтандыру ұйымдары, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және өзге де ұйымдар), Банк олармен нарықтық тепе-теңдік қағидаттарында банкаралық, инвестициялық және өзге де кәсіби операцияларды жүзеге асыратын заңды тұлғалар;

33) UCP 600 — Құжаттамалық аккредитивтерге арналған біріздендірілген қағидалар мен әдет-ғұрыптар (Uniform Customs and Practice for Documentary Credits);

34) URDG 758 (Талап ету бойынша кепілдіктерге арналған біріздендірілген қағидалар, № 758 жарияланым) — Халықаралық сауда палатасы (ICC) әзірлеген халықаралық стандарттар жинағы;

35) ISP98 (International Standby Practices — Резервтік аккредитивтердің халықаралық практикасы) — Халықаралық банктік құқық және практика институты әзірлеген және Халықаралық сауда палатасы (ICC) мақұлдаған резервтік аккредитивтермен (Standby Letters of Credit — SBLC) жұмыс істеуге арналған халықаралық стандарттар мен қағидалар жинағы;

36) ISDA — International Swaps and Derivatives Association (Своптар мен деривативтер халықаралық қауымдастығы) дегенді білдіреді;

37) GMRA (Global Master Repurchase Agreement) — қаржы нарықтарында биржадан тыс РЕПО мәмілелерін (бағалы қағаздарды кері сатып алу міндеттемесімен сату) ресімдеу үшін пайдаланылатын стандартты заңдық шарт;

38) KYC/AML — «Өз Клиентіңді біл» қағидаты (KYC — Know Your Customer), ол Банкті қаржы операциясын жүргізер алдында заңды тұлғаны және жеке тұлға Клиенттің жеке басын сәйкестендіруге міндеттейді;

39) CVA/DVA — (credit valuation adjustment) — кредиттік тәуекелдің болуын білдіретін тәуекелге бейтарап позиция мен тәуекелді позиция арасындағы айырма. Контрагенттің кредиттік тәуекелінің нарықтық құны/

3-тарау. Салымдардың (Депозиттердің) және қарыздардың шекті сомалары мен мерзімдері.

7. Қабылданатын Салымдардың (Депозиттердің) және берілетін қарыздардың шекті сомалары мен мерзімдері Ережелерге қосымшада белгіленген.

8. Банктік қызметтерді тұтынушы – жеке тұлғаға берілетін тұтынушылық банктік қарыздың шекті мөлшері:

1) мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық банктік қарыз бойынша – тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі мың екі жүз еселенген мөлшерінен аспайды;

2) мүлік кепілімен қамтамасыз етілген тұтынушылық банктік қарыз бойынша – шектелмейді.

4-тарау. Салымдар (Депозиттер) мен қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары.

9. Салымдар (Депозиттер) мен қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары Ережелерге қосымшада белгіленген.

5-тарау. Салымдар (Депозиттер) мен қарыздар бойынша сыйақы төлеу талаптары.

10. Салымдар (Депозиттер) бойынша сыйақы төлеу талаптары Ережелердің 12-тарауында көрсетілген.

11. Қарыз бойынша сыйақы Қарыз берілген күннен бастап есептеледі. Қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесінің түрі мен мөлшері банктік өнімнің талаптарына қарай Қосылу шартында белгіленеді.

12. Банк қарыз шарттарын жасасқанға дейін Клиентке Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес есептелген қарызды және ол бойынша сыйақыны өтеудің өзі белгілеген барлық әдістерін ұсынады.

13. Қарыз бойынша сыйақыны, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ерекшеліктерді қоспағанда, Банк қарыз алушының барлық банктік шоттарынан акцептсіз (даусыз) тәртіппен өндіріп алады. Қарыз алушы Банкпен жасалған шартқа сәйкес Банкке Өтеу кестесі/Қарыз шарты бойынша сыйақы төлеуге міндетті.

6-тарау. Банк қабылдайтын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар.

14. Клиенттің Банк алдындағы міндеттемелерін (оның ішінде, бірақ Қарыздар бойынша міндеттемелермен шектелмей) орындауын қамтамасыз ету үшін Клиенттен және/немесе үшінші тұлғалардан қамтамасыз етудің мынадай тәсілдері мен түрлері қабылданады: жылжымалы және жылжымайтын мүлік кепілі (кепілге салу және/немесе ипотека); үшінші тұлғалардың (занды және/немесе жеке тұлғалардың) кепілдіктері мен кепілгерліктері; мүлікті ұстап қалу; тұрақсыздық айыбы, кепілақы, кепілдік жарналар, қамтамасыз ету төлемі және Қазақстан Республикасының заңнамасында және Клиентпен/үшінші тұлғалармен жасалған Қосылу шарттарында көзделген өзге де тәсілдер/түрлер.

15. Қамтамасыз ету ретінде ұсынылатын мүлік кепіліне мынадай жалпы талаптар қойылады (Банктің Уәкілетті органының шешімі бойынша қойылатын талаптарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей):

1) мүлік бағаның жеткілікті тұрақтылығымен және осындай мүлік нарығының қалыптасқан конъюнктурасымен қамтамасыз етілетін өтімділікке ие болуға тиіс;

2) Банктің Уәкілетті органы мүлікті қайта кепілге қою тәртібімен кепілге қабылдау туралы шешім қабылдаған жағдайларды қоспағанда, мүлік ауыртпалықтардан, үшінші тұлғалардың құқықтары мен талаптарынан бос болуға тиіс;

3) кепілмен қамтамасыз етумен жұмыс жөніндегі бөлімшеге нарықтық, кепілдік немесе өзге құнды айқындау және мүлікке кепіл құқығын тіркеу үшін қажетті, Банк айқындаған барлық құқық белгілейтін және техникалық құжаттардың міндетті түрде болуы. Бұл ретте нарықтық құнды тек тәуелсіз бағалаушылар айқындауға құқылы.

4) кепіл мүлкінің сақталуын Кепіл беруші қамтамасыз етеді. Қажет болған жағдайда Банк кепіл мүлкін Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына және Қамтамасыз ету шартына (кепіл шартына) сәйкес Банктің немесе Клиенттің/кепіл берушінің қаражаты есебінен күзетуді жүзеге асырады;

5) кепіл нысанасын сақтандыруды Клиент/кепіл беруші жүзеге асырады және ол мүлікті кепілге қабылдаудың (қабылдағанға дейін) және Банктің Қарыз беруінің міндетті шарты болып табылады. Осы талаптан ерекшеліктер (қолданбау) Банктің Уәкілетті органының шешімімен белгіленеді;

6) жылжымалы және (немесе) жылжымайтын мүлікті жалдау (пайдалану) құқығы кепіл ретінде қабылданған жағдайда, егер Банк өзгеше мерзім белгілемесе, Қарыз берілген сәттегі жалдау (пайдалану) мерзімінің аяқталуы Қарызды өтеу мерзімінен 30 (отыз) пайызға кейін болуға тиіс;

7) мүліктің ортақ меншік иелерінің жазбаша, тиісінше ресімделген (оның ішінде ҚР нотариусында) келісімдерінің болуы;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банк белгілеген өзге де талаптар.

Мүлік осы тарауда көрсетілген талаптардың біреуіне немесе бірнешеуіне сәйкес келмеген жағдайда, оны кепілге қабылдау мүмкіндігі (орындылығы) туралы түпкілікті шешімді Банктің Уәкілетті органы қабылдайды, сондай-ақ кепіл нысанасына қойылатын ерекше (кредиттік жобаға байланысты) талаптарды да осы орган айқындайды.

16. Егер Банк өзгеше шешім қабылдаса, үшінші тұлғалардың кепілдіктері мен кепілгерліктерін Банк Банктің үлгілік нысандары бойынша қатаң түрде қабылдайды. Кепілдіктер мен кепілгерліктер Банк кепілгер мен кепілдік берушінің қаржылық тұрақтылығына, олардың мәртебесіне сараптама және талдау жүргізгеннен кейін, сондай-ақ Банкке қажетті барлық құжаттар мен осы үшінші тұлғалар туралы ақпарат болған кезде ғана қабылданады.

17. Банк кез келген шарт бойынша заңды иелігінде және/немесе пайдалануында болатын кез келген мүлікті (заттарды, мүліктік құқықтарды), оның ішінде банктік шоттардағы ақшаны; сейфтердегі (ұяшықтардағы) мүлікті; Банк Клиентке төлеуге тиіс болған сыйақыларды және/немесе тұрақсыздық айыптарын; кепілақы сомаларын; кепілдік жарналар, қамтамасыз ету төлемдері сомаларын және басқаларын, егер бұл Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе, ұстап қалады. Клиенттің Банкке басқа шарттар бойынша берген мүлкін ұстап қалу Клиенттің Қосылу шарты бойынша Банк алдындағы міндеттемелерін орындаған күніне дейін жүзеге асырылады (жалғасады); міндеттемелер орындалмаған жағдайда ұсталған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қосылу шартында белгіленген тәртіппен Банктің меншігіне өтеді.

18. Клиент нақты Қосылу шарты бойынша міндеттемелерін орындамаған жағдайда тұрақсыздық айыбы Банкке сол шартта белгіленген мөлшерде және мерзімдерде төленеді.

19. Клиенттің кез келген шарттар бойынша Банк алдындағы барлық берешек сомаларын борышкерлер ерікті түрде төлейді, бұл ретте Қосылу шартында бекітілетін Банктің Клиент-борышкердің келісімінсіз, акцептсіз (даусыз) тәртіппен борыш сомаларын Клиент-борышкердің Банкте ашылған шоттарын тікелей дебеттеу арқылы да, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделгендей, өзге қаржы институттарында/ұйымдарында ашылған борышкердің шоттарына қойылатын төлем құжаттары негізінде де өндіріп алу жөніндегі сөзсіз құқығы сақталады.

20. Егер қарыздың қайтарылуын қамтамасыз ету үшін бірнеше кепіл нысанасы берілсе, қарыз алушы Қарыз шарты бойынша міндеттемелерін тиісінше орындаған және қарыз алушы (кепіл беруші) кепілмен қамтамасыз етуді азайту туралы талаппен жүгінген сәтте бағалаушы айқындаған кепіл нысаналарының нарықтық құны Банктің кепіл саясатының талаптарын ескере отырып, қарыз алушы міндеттемелерінің орындалмаған бөлігінің сомасынан асып кеткен жағдайда, Банк қарыз алушы (кепіл беруші) жүгінген күннен бастап он жұмыс күні ішінде кепіл шартының (шарттарының) қарыз алушы міндеттемесінің мөлшерінен асатын бөлігін бұзу (өзгерту) жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

21. Егер Қарыз шарты бойынша орындалмаған міндеттемелер сомасы кепілмен қамтамасыз ету құнының он пайызынан аз болса, Банк қарыз алушы (кепіл беруші) жүгінген күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде Банктің кепіл саясатының талаптарын ескере отырып, кепіл нысанасын жүгіну сәтінде бағалаушы айқындаған нарықтық құны көрсетілген Қарыз шарты бойынша орындалмаған міндеттеме сомасын өтейтін өзге мүлікке ауыстыру мүмкіндігін қарауға міндетті.

22. Ережелердің 20 және 21-тармақтарында белгіленген талаптар банктердің банктік кепілдіктер мен банктік кепілгерліктер беру жөніндегі операцияларын қамтамасыз етуге қолданылады.

23. Банк жеке кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі арнайы қордың кепілдігін қарыз алушының Қарыз шарты бойынша міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету ретінде қабылдаған кезде, провизияларды (резервтерді) есептеу үшін мұндай кепілдіктің құнын Банк кепілдікпен қамтамасыз етілген қарыз сомасына тең мөлшерде айқындайды.

7-тарау. Банктік операцияларды жүргізу мөлшерлемелері мен тарифтерінің шекті шамалары.

24. Банктік операцияларды жүргізу мөлшерлемелері мен тарифтерінің шекті шамалары Ережелерге қосымшада белгіленген.

8-тарау. Банктік қызметтерді көрсету туралы шешім қабылдаудың шекті мерзімдері

25. Банктің банктік қызметтерді көрсету туралы шешімдер қабылдауының шекті мерзімдері Ережелерге қосымшада белгіленген.

9-тарау. Банктік қызметтерді көрсету барысында туындайтын банктік қызметтерді тұтынушылардың Жолданымдарын қарау тәртібі.

26. Банктің банктік қызметті жүзеге асыруға байланысты банктік қызметтерді тұтынушылардың Жолданымдарын қарауы Банктер туралы заңның және Реттеушінің талаптарында белгіленген тәртіппен, сондай-ақ Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

27. Банк Клиенттердің мынадай Жолданымдарымен жұмыс істейді:

1) банктік қызметтер көрсету мәселелері бойынша жеке немесе заңды тұлғаның Жолданым беру қызметі көзделген Банктің интернет-ресурсы немесе мобильді қосымшасы арқылы, қолма-қол, пошта байланысымен, электрондық пошта арқылы келіп түскен жазбаша Жолданымдармен;

2) телефон арқылы не Клиент Банктің Бөлімшесіне/Филиалына жеке келген кезде түскен ауызша Жолданымдармен.

28. Интернет-ресурстағы нақты уақыт режиміндегі хабар алмасу жүйесі, WhatsApp мессенджері арқылы жіберілген және (немесе) Банктің атына тіркелген абоненттік нөмірлерге түскен хабарламалар банктік қызметтерді тұтынушылардың Жолданымдары деп танылмайды және ақпараттық сипаттағы сұрау салулар ретінде қаралады. Бұл ретте Банк банктік қызметтерді тұтынушыға Реттеушінің талаптарына және осы Ережелерге сәйкес келетін Жолданым беру тәртібі туралы хабарлайды.

29. Мынадай жолданымдар банктік қызметтерді тұтынушылардың Жолданымдарына жатпайды:

1) Банк қызметкері бір мезгілде банктік қызметтерді тұтынушы болып табылатын және өзіне банктік қызметтер көрсетуге қатысты мәселелер бойынша жүгінетін жағдайларды қоспағанда, банктік қызметтер көрсетуге байланысты емес еңбек және әлеуметтік мәселелер бойынша Банк қызметкерлерінің жұмыс беруші ретіндегі Банкке Жолданымдары;

2) банктік қызметтерді тұтынушыларға банктік қызметтер көрсетуге байланысты емес акционерлер (қатысушылар), басқару органдарының мүшелері, бенефициарлар және Банктің өзі арасындағы корпоративтік жанжалдар мен даулар (оның ішінде корпоративтік басқару, пайданы бөлу, дивидендтік саясат, бағалы қағаздарды шығару және орналастыру мәселелері бойынша даулар);

3) банктік қызметтерді тұтынушылар болып табылмайтын Банк контрагенттерінің банктік қызметтер көрсетуге қатысы жоқ шарттар (жалдау, жеткізу, мердігерлік, аутсорсинг, АТ-сүйемелдеу шарттары және өзге де шарттар) бойынша Жолданымдары;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасы немесе қаржы өнімдерінің талаптары жөнінде ақпарат немесе түсіндірме сұраулары, егер оларда Банктің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) не қаржы өнімдерінің талаптарына қанағаттанбаушылық білдірілмесе;

5) Банктің есептілікті (салықтық, статистикалық немесе өзге) ұсынуына байланысты сұраулар, егер оларда банктік қызметтерді тұтынушының құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылғаны туралы мәліметтер болмаса;

6) Қазақстан Республикасы заңнамасының болжамды бұзылуы, сыбайлас жемқорлық, теріс пайдалану және өзге де бұзушылықтар туралы, нақты банктік қызметтерді тұтынушының құқықтары бұзылғаны көрсетілмеген Жолданымдар;

7) нақты шарт (мәміле) бойынша банктік қызметтерді тұтынушылар болып табылмайтын бұқаралық ақпарат құралдарының, кәсіби және қоғамдық бірлестіктердің және өзге де ұйымдардың Жолданымдары, Жолданымда бұл туралы тікелей көрсетілген нақты банктік қызметтерді тұтынушының мүддесіндегі Жолданымдарды қоспағанда;

8) банктік қызметтерді тұтынушылардың дербес Жолданымдарын қамтымайтын бақылау, қадағалау және құқық қолдану мәселелері бойынша ҚР мемлекеттік органдарымен хат алмасу;

9) мазмұнын және (немесе) өтініш берушінің талаптарын анықтауға мүмкіндік бермейтін Жолданымдар (оқылмайтын мәтіндер, байланыссыз хабарламалар немесе жаппай автоматтандырылған таратылымдар).

30. Банктің уәкілетті тұлғалары жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар өкілдерін Банктің атқарушы органы басшысы немесе филиалда филиал басшысы бекіткен қабылдау кестесіне

сәйкес Банктің филиалдары мен өкілдіктерін қоса алғанда, айына кемінде бір рет жеке қабылдайды.

31. Егер Жолданымды Банктің Уәкілетті тұлғасы жеке қабылдау кезінде шеше алмаса және ол қосымша пысықтауды талап етсе, банктік қызметтерді тұтынушы оны жазбаша нысанда ресімдейді және ол жазбаша Жолданым ретінде қаралады.

32. Банкке ауызша нысанда (телефон арқылы не жеке келген кезде) түскен Жолданымдар жүгінген сәтте қаралады. Егер ауызша Жолданымды жүгінген сәтте шешу мүмкін болмаса, банктік қызметтерді тұтынушыға жазбаша Жолданым беру тәртібі және оны қарау мерзімдері түсіндіріледі. Телефон арқылы түскен ауызша Жолданымдар міндетті түрде тіркелуге жатады, ал сөйлесулер жазылатыны туралы банктік қызметтерді тұтынушыға әңгіме басында хабарланады.

33. Банктің интернет-ресурсы, Банктің мобильді қосымшасы (болған кезде) арқылы түскендерін қоса алғанда, банктік қызметтерді тұтынушылардың жазбаша Жолданымдары Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тәртіппен міндетті тіркелуге жатады. Мобильді қосымшада (болған кезде) осы мақсаттар үшін Жолданым берудің оңай танылатын функционалы көзделеді.

34. Банктік қызметтерді тұтынушыға оның жазбаша Жолданымның қабылданғанын растайтын құжат беріледі не Жолданымның көшірмесіне тиісті белгі қойылады, ал Жолданым Банктің мобильді қосымшасы (болған кезде) арқылы берілген жағдайда, Жолданымның күні мен тіркеу нөмірі көрсетілген қабылданғаны туралы хабарлама жіберіледі. Мәліметтер Банктің мобильді қосымшасындағы «Менің жолданымдарым» бөлімінде қолжетімді болады. Жолданымдарды қабылдаудан бас тартуға жол берілмейді.

35. Жолданымды қарау үшін ақпарат жеткіліксіз болған жағдайда Банк банктік қызметтерді тұтынушыдан қосымша құжаттар мен мәліметтерді сұратады.

36. Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларына сәйкес банктік қызметтерді тұтынушының Жолданымын қарау мерзімі Жолданым Банкке келіп түскен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайды.

37. Жолданымды дұрыс қарау үшін маңызы бар нақты мән-жайларды анықтау қажет болған жағдайда, оны қарау мерзімі тағы 15 (он бес) жұмыс күніне ұзартылады. Қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы банктік қызметтерді тұтынушы тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабардар етіледі.

38. Банк жеке және заңды тұлғалардың Жолданымдарын объективті, жан-жақты және уақтылы қарауды қамтамасыз етеді және банктік қызметтерді тұтынушыларды оларды қарау нәтижелері мен қабылданған шаралар туралы хабардар етеді.

39. Жолданымды қарау нәтижелері бойынша жазбаша жауап Жолданым берілген тілде ұсынылады және мыналарды қамтиды:

1) банктік қызметтерді тұтынушы баяндаған әрбір мәселе бойынша негізделген және уәжді дәлелдер;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларына, Банктің ішкі нормативтік құжаттарына және шарттар мен келісімдердің талаптарына сілтемелер;

3) анықталған нақты мән-жайлардың сипаттамасы;

4) банктік қызметтерді тұтынушының қабылданған шешімге шағымдану құқығы туралы түсіндірме (банктік қызметтерді тұтынушының талабы қанағаттандырылмаған және (немесе) ішінара қанағаттандырылған жағдайда).

40. Жолданым негізді болған жағдайда Банк оны толық немесе ішінара қанағаттандыру, анықталған бұзушылықты жою және банктік қызметтерді тұтынушының құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру туралы шешім қабылдайды.

41. Қағаз жеткізгіштегі жазбаша Жолданымға жауапқа Банктің Уәкілетті тұлғасы қол қояды. Қолтаңбаны факсимильдік көшіру құралдарын немесе Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген өзге тәсілді пайдалануға жол беріледі.

42. Банктік қызметтерді тұтынушыға жауап банктік қызметтер көрсету шартында көзделген тәсілмен беріледі. Жауап банктік қызметтерді тұтынушыға мынадай тәсілдердің бірімен жіберілсе, жеткізілді деп есептеледі:

- 1) шартта немесе банктік қызметтерді тұтынушының Жолданымында көрсетілген мекенжайға тапсырысты хатпен;
- 2) шартта немесе банктік қызметтерді тұтынушының Жолданымында көрсетілген электрондық пошта мекенжайына;
- 3) жауап мәтіні немесе жауаптың толық мәтіні бар интернет-ресурсқа сілтеме қамтылған SMS-хабарлама немесе push-хабарлама жіберу арқылы;
- 4) жауаптың алынғанын тіркеуді қамтамасыз ететін шартта көзделген өзге де байланыс құралдарын пайдалану арқылы.

43. Банктік қызметтерді тұтынушы Банкке жеке келген кезде, Ережелердің 42-тармағында көзделген тәсілдермен жеткізілген жауапты қоспағанда, жауап оған (немесе оның Уәкілетті өкіліне) қол қойғыза отырып жеке табыс етіледі, бұл туралы жазбаша Жолданымдарды тіркеу журналында белгі жасалады.

44. Жауапты табыстау мүмкін еместігі туралы белгімен қайтарылған немесе банктік қызметтерді тұтынушы оны қабылдаудан бас тартқан жағдайда, жауап тиісінше берілді деп есептеледі.

10-тарау. Банк пен банктік қызметтерді тұтынушының құқықтары мен міндеттері, олардың жауапкершілігі.

45. Банкпен жасалған шарттарда белгіленген құқықтардан басқа, Қарыз алушының:

1) қарыз берілген күннен бастап Банк есептеген сыйақыны төлей отырып, қарызды қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбын және өзге де айыппұл санкцияларын төлемей, қарызды мерзімінен бұрын қайтаруға;

2) негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне сәйкес келсе, тұрақсыздық айыбын және өзге де айыппұл санкцияларын төлемей, негізгі борышты және (немесе) сыйақыны келесі жұмыс күні төлеуге;

3) өтініш бойынша айына бір реттен жиі емес, 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде шарт бойынша берешекті өтеу есебіне түсетін ақшаның бөлінуі (негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына және өзге де айыппұл санкцияларына, сондай-ақ төленуге жататын басқа сомаларға) туралы жазбаша ақпаратты өтеусіз алуға;

4) шарт бойынша берілген ақшаны Банкке ішінара немесе толық мерзімінен бұрын қайтару туралы өтініш бойынша 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде негізгі борыш, сыйақы, комиссиялар, тұрақсыздық айыбы және өзге де айыппұл санкциялары, сондай-ақ төленуге жататын басқа сомалар бөлінісінде қайтарылуға тиіс соманың мөлшері туралы жазбаша мәліметтерді өтеусіз алуға;

5) шартта көзделген тәртіппен, қарыз алушы үшін шарт талаптарының жақсартылуына қарай өзгертілгені туралы хабарламаны алған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Банк ұсынған жақсартылған талаптардан бас тартуға;

6) алынатын қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Шарт талаптарына сәйкес Банкке жазбаша жүгінуге;

7) жеке тұлғаның мерзімі өткен берешек туындаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Банкке келуге және (немесе) жазбаша нысанда және (немесе) цифрлық объектілер арқылы және (немесе) Қарыз шартында көзделген өзге тәсілмен шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімінің өтіп кету себептері, кірістері және шарт талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішін негіздейтін өзге де расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтерді қамтитын өтініш беруге, оның ішінде мыналарға байланысты:

- Қарыз шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендету жағына өзгертуге;
- Қарыз шартында белгіленген мөлшерден кемінде елу пайызға Қарыз шарты бойынша ай сайынғы төлемді азайтуға;
- шетел валютасында берілген қарыз бойынша негізгі борыш қалдығы сомасының валютасын ҚР ұлттық валютасына өзгертуге;
- негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемдерді кейінге қалдыруға;
- берешекті өтеу әдісін және (немесе) берешекті өтеу кезектілігін, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып, өзгертуге;

- қарыз мерзімін өзгертуге;
- мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіруге, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды), комиссияларды және банктік қарызға қызмет көрсетуге байланысты өзге де төлемдерді жоюға;
- «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» ҚР Заңының 20-1-бабында белгіленген тәртіппен ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті кепіл берушінің өз бетінше өткізуіне;
- Банкке кепіл мүлкін және (немесе) өзге мүлікті беру арқылы Қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындаудың орнына бас тарту төлемін ұсынуға;
- ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті Қарыз шарты бойынша міндеттемені сатып алушыға бере отырып өткізуге;

8) Банкке дауды сотқа дейін реттеу тәртібімен жүгінгеннен кейін мынадай жағдайларда банк/қаржы омбудсманьна жазбаша жүгінуге:

1) Банктің қарыз алушы ұсынған өзгерістерді Қарыз шартына енгізуден бас тарту туралы шешімін алған кезде;

2) Қарыз шартының талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген кезде;

3) қарыз алушының, оның ішінде банктік қарызды алаяқтық тәсілмен ресімдеуге байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтан жәбірленуші деп танылған қарыз алушының құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қанағаттандыру бөлігінде Банкпен келісімге қол жеткізілмеген кезде.

Көрсетілген жағдайларда қарыз алушы – жеке тұлға банк/қаржы омбудсманьна жүгінгені туралы Банкке бір мезгілде хабарлай отырып, үш ай ішінде банк/қаржы омбудсманьна жүгінуге құқылы.

46. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген міндеттерден басқа, банктік қызметтерді тұтынушы:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Банкпен жасалған шарттардың талаптарын сақтауға;

2) Банкпен жасалатын/жасалған шарттар шеңберінде шоттарды ашу, жүргізу, жабу, қарыздар беру және Банктің банктік қызметтің барлық өзге түрлерін жүзеге асыруы үшін көзделген барлық қажетті құжаттар мен мәліметтерді Банкке уақтылы және толық көлемде беруге;

3) шарттарға және Банктің Тарифтеріне сәйкес Банктің комиссиялары мен сыйақысын уақтылы төлеуге;

4) осы Ережелермен және Қосылу шартының/банктік қызметтер көрсету туралы шарттардың, Банкпен жасалған өзге де келісімдердің барлық талаптарымен тұрақты түрде танысуға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны үшінші тұлғаларға жария етпеуге;

6) кодтарды, құпиясөздерді, логиндерді және өзі мен үшінші тұлғалар туралы өзге де деректерді үшінші тұлғаларға бермеуге;

7) шоттармен, төлем карталарымен, Банктің мобильді қосымшасымен жұмыс істеген кезде Банктің нұсқаулықтарын және өзге де талаптарын қатаң әрі толық орындауға;

8) Банкпен жасалған шарттар тараптарының өзара қатынастарына қатысты барлық өзге де талаптар мен нормаларды сақтауға міндетті.

47. Банктік қызметтерді тұтынушылармен жасалған шарттарда белгіленген құқықтардан басқа, Банктің:

1) Банктер туралы заңның 57-бабының 4-тармағында көзделген, сондай-ақ шартта белгіленген жағдайларда шарт талаптарын қарыз алушы үшін жақсарту жағына біржақты тәртіппен өзгертуге;

2) қарыз алушы қарыздың кезекті бөлігін қайтару және (немесе) сыйақы төлеу үшін белгіленген мерзімді 40 (қырық) күнтізбелік күннен астам бұзған жағдайда, қарыз сомасы мен ол бойынша сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге;

3) тәуекелдерді бағалау және басқару мақсатында өз қызметін жүзеге асыру және (немесе) қызметтер көрсету кезінде жасанды интеллектіні пайдалануға құқығы бар. Бұл ретте Банк жасанды интеллектіні пайдалану арқылы қабылданған шешімдер үшін жауапты болады.

48. Банктік қызметтерді тұтынушылармен жасалған шарттарда белгіленген міндеттерден басқа, Банк:

1) қарыз алушыдан қарызды ішінара немесе толық мерзімінен бұрын өтеу есебіне, есептелген сыйақыны ұстай отырып, қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбын немесе өзге де айыппұл санкцияларын алмай, ақша қабылдауға;

2) қарыз алушының өтініші бойынша айына бір реттен жиі емес, 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде шарт бойынша берешекті өтеу есебіне түсетін ақшаның бөлінуі (негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына және айыппұл санкцияларының басқа түрлеріне, сондай-ақ төленуге жататын басқа сомаларға) туралы ақпаратты жазбаша нысанда өтеусіз ұсынуға;

3) қарыз алушының шарт бойынша берілген ақшаны Банкке ішінара немесе толық мерзімінен бұрын қайтару туралы өтініші бойынша 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде оған негізгі борыш, сыйақы, комиссиялар, тұрақсыздық айыбы және айыппұл санкцияларының басқа түрлері, сондай-ақ төленуге жататын басқа сомалар бөлінісінде қайтарылуға тиіс соманың мөлшерін өтеусіз хабарлауға;

4) қарыз алушыға шарт талаптарының оны жақсарту жағына өзгертілгені туралы шартта көзделген тәртіппен хабарлауға;

5) міндеттемені орындау мерзімі өткен кезде, оның басталған күнінен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей, Қарыз шартында көзделген тәсілмен, сондай-ақ цифрлық объектілер арқылы қарыз алушыны хабардар етуге міндетті. Хабарламада мыналар қамтылады:

➤ хабарламада көрсетілген күнге Қарыз шарты бойынша мерзімі өткен төлемдердің мөлшері;

➤ Қарыз шарты бойынша мерзімі өткен төлемдерді енгізу туралы талап;

➤ қарыз алушының Қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындамауының салдарын түсіндіру;

➤ қарыз алушының Банктер туралы заңның 61-бабы 2-тармағында айқындалған тәртіппен Қарыз шартына өзгерістер енгізу туралы ұсыныспен Банкке жүгіну құқығын көрсету;

➤ Банктің қалауы бойынша өзге де мәліметтер.

6) қарыз алушының жазбаша өтінішін қарауға және оған жазбаша шешім дайындауға;

7) қарыз алушы – жеке тұлғаның өтініші алынған күннен кейін 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде шарт талаптарына ұсынылған өзгерістерді қарауға;

8) шарт бойынша Банктің құқығының (талабының) үшінші тұлғаға ауысу талаптарын қамтитын шартты (бұдан әрі – талап ету құқығын беру шарты) жасасқан кезде қарыз алушыны (немесе оның Уәкілетті өкілін):

➤ талап ету құқығын беру шарты жасалғанға дейін құқықтардың (талаптардың) үшінші тұлғаға ауысу мүмкіндігі, сондай-ақ осындай беруге байланысты қарыз алушының дербес деректерін өңдеу туралы шартта көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен хабардар етуге;

➤ талап ету құқығын беру шарты жасалған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде құқықтың (талаптың) үшінші тұлғаға ауысқаны туралы шартта көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен, банктік қарызды өтеу жөніндегі кейінгі төлемдердің үшінші тұлғаға арналған мақсатын (шарт бойынша құқық (талап) ауысқан тұлғаның атауы мен орналасқан жерін), берілген құқықтардың (талаптардың) толық көлемін, сондай-ақ негізгі борыштың, сыйақының, комиссиялардың, тұрақсыздық айыбының

(айыппұлдың, өсімпұлдың) және төленуге жататын басқа да сомалардың мерзімі өткен және ағымдағы қалдықтарын көрсете отырып хабардар етуге;

9) қарыз алушы – жеке тұлға Қарыз шартының талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтініш берген кезде, Банктер туралы заңның 61-бабы 2-тармағының 2) және (немесе) 4) тармақшаларында көзделген Қарыз шартының талаптарына кемінде үш ай мерзімге, Қарыз шарты бойынша комиссиялар мен өзге де төлемдерді төлеуді талап етпей өзгерістер енгізуге:

➤ «Тұрғын үй қатынастары туралы» ҚР Заңына сәйкес халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын;

➤ төтенше жағдай енгізуге негіз болған мән-жайлар салдарынан зардап шеккен.

10) клиентке төлемдер мен аударымдар бойынша комиссиялар мен тарифтердің ұлғайтылғаны туралы олардың болжамды өзгеру күніне дейін, бірақ кемінде мынадай мерзімде хабарлауға:

➤ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес жеке тұлғалардың төлемдері мен аударымдары бойынша – үш ай бұрын;

➤ кәсіпкерлік қызмет шеңберінде жүзеге асырылатын заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің төлемдері мен аударымдары бойынша – бір ай бұрын.

11) талаптарында сақтандыру шартын жасасу көзделген банктік қарыз бойынша қарыз алушы міндеттемесін толық мерзімінен бұрын орындаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қарыз алушыға Қарыз шартында көзделген тәсілмен мұндай сақтандыру шартын бұзу және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен сақтандырудың пайдаланылмаған кезеңі үшін сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтару құқығы туралы хабарлауға.

12) қарыз алушының (жеке тұлғаның) сұрауы бойынша 10 жұмыс күнінен кешіктірмей қарыз алушыға оның биометриялық аутентификациядан өту процесі туралы, оның өткізілген күні мен тәсілін, ол туралы ақпараттың Банктің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің антифрод-орталығының дерекқорында бар-жоғына деректерді салыстырып тексеру туралы, сондай-ақ өтінішті қарау және Қарыз шартын жасасу кезінде пайдаланылған борыш жүктемесі коэффициентінің мәнін қоса алғанда, мәліметтер беруге міндетті.

49. Банкке мыналарға жол беруге тыйым салынады:

13) тиісінше емес жарнамаға;

14) Уәкілетті орган белгілеген қаржы өнімдерін басқару талаптарында айқындалған қаржы өніміне тән тәуекелдер туралы ақпаратты қамтымайтын жарнамаға.

Қаржы өнімдерін басқаруға қойылатын талаптар, бекітілуі, өзгертілуі және ұсынылуының тоқтатылуы туралы мінез-құлықтық қадағалау субъектісі Уәкілетті органға хабарлайтын қаржы өнімдерінің тізбесі (мөлшерлемелер мен тарифтер көрсетіле отырып), мұндай хабарлау тәртібі, сондай-ақ хабарламаға қоса берілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен бекітіледі.

11-тарау. Банктік шоттарды ашу, жүргізу және жабу тәртібі.

50. Банкте банктік шоттарды ашудың, жүргізудің және жабудың мынадай тәртібі белгіленген:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда іскерлік қатынастар орнату және клиентті сәйкестендіру кезінде Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ақпараттық жүйелер, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Сәйкестендіру деректерімен алмасу орталығы (СДАО) арқылы биометриялық аутентификацияны пайдалануға құқылы.

2) Клиенттің биометриялық аутентификациясы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес оның биометриялық деректерін пайдалануға клиенттің алдын ала алынған келісімі негізінде жүзеге асырылады.

3) Іскерлік қатынастар қашықтан орнатылған кезде Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен СДАО арқылы клиенттің биометриялық аутентификациядан өтуін қамтамасыз етеді.

4) СДАО арқылы биометриялық аутентификация жүргізу мүмкін болмаған не биометриялық аутентификацияның теріс нәтижесі алынған жағдайда қашықтан іскерлік қатынастар орнату аутентификация жүргізуге кедергі келтіретін себептер жойылғанға дейін немесе клиент Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген өзге сәйкестендіру рәсімінен өткенге дейін жүзеге асырылмайды.

5) Банк биометриялық аутентификация жүргізу фактісінің тіркелуін, сондай-ақ биометриялық аутентификация нәтижелерінің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген мерзімдерде және тәртіппен сақталуын қамтамасыз етеді.

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда Банк клиент туралы мәліметтерді, оның ішінде ұялы байланыстың абоненттік нөмірі туралы мәліметтерді, Банкке Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолжетімділік берілген мемлекеттік ақпараттық жүйелер, дерекқорлар және өзге де ақпараттық ресурстар арқылы тексереді және растайды.

7) Банктік шот клиент қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылды реттейтін заңнама талаптары шеңберінде тиісінше тексерілгеннен және клиенттен Банк пен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген, нысаны мен мазмұны Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Банктің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген талаптарға сәйкес келетін барлық қажетті құжаттар алынғаннан кейін ашылады.

8) Егер Қазақстан Республикасының заңнамасы және/немесе Банктің ішкі құжаттары талап етсе, Банк өз қалауы бойынша клиенттің қандай да бір қосымша келісімінсіз ағымдағы шоттарды ашу/жүргізу/жабу үшін қажетті құжаттар тізбесіне өзгерістер енгізуге құқылы. Егер осындай өзгерістерге байланысты ағымдағы шотты ашу/жүргізу/жабу үшін қосымша құжаттарды ұсыну талап етілсе, клиент оларды Банк көрсеткен тізбеге сәйкес Банк белгілеген мерзімде ұсынуға міндеттенеді.

9) Банкте банктік шоттардың мынадай түрлерін ашу көзделген: ағымдағы шот (AED, AUD, CAD, CHF, CNY, DKK, EUR, GBP, HKD, JPY, RUB, SEK, USD немесе Банктің корреспондент-банкте корреспонденттік шоты бар өзге валютада), БЖЗҚ-дан БЗТ аударуға арналған арнайы ағымдағы шот (KZT), әлеуметтік төлемдер мен жәрдемақыларға арналған арнайы шот (KZT), Эскроу-шот режиміндегі ағымдағы шот (KZT, USD, EUR, GBP, RUB, CNY). Ағымдағы шот нөлдік қалдықпен ашылуы мүмкін.

10) Үшінші тұлғаның клиент атынан ағымдағы шот ашуы клиенттің осындай үшінші тұлғаның атына берген нотариат куәландырған сенімхаты негізінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге жағдайларда жүргізіледі.

11) Банк ағымдағы шотты ашу немесе ашудан бас тарту туралы шешімді дербес қабылдайды, сондай-ақ ашылатын шоттардың санын шектеуге құқылы.

12) Клиент ағымдағы шотты Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қосылу шартына сәйкес шетел валютасымен операциялар жасау үшін пайдалана алады.

13) Клиент шетел валютасына қатысты мемлекеттік органдар белгілеген шектеулерге, оның ішінде валюталық бақылаудың немесе валюталық шектеулердің енгізілуіне, сондай-ақ ағымдағы шоттағы ақшаға қолданылуы мүмкін салықтарға немесе өзге де міндетті төлемдерге байланысты туындауы ықтимал шетел валютасындағы ағымдағы шотты ашуға және жүргізуге байланысты тәуекелді өзіне қабылдайды.

14) Шетел валютасымен барлық операциялар Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен, оның ішінде Қазақстан Республикасының резиденттері арасында шетел валютасымен есеп айырысуға тыйым салуды қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей жүргізіледі.

15) Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасындағы резиденттер мен бейрезиденттер арасындағы шетел валютасымен барлық операциялар олардың банктік шоттары арқылы қолма-қол ақшасыз тәртіппен жүргізіледі.

16) Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қосылу шартында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген жағдайларда клиенттің нұсқауларын, оның ішінде төлемдерді/аударымдарды жүзеге асыруға байланысты нұсқауларын орындамауға құқылы.

17) Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген талаптарға сәйкес ресімделген төлем құжаттары мен өзге де нұсқауларды ғана қабылдайды. Өзге жағдайда Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мерзімдерде тапсырмаларды клиентке қайтарады немесе бас тарту себебін көрсете отырып, тапсырманы орындаудан бас тарту туралы хабарламаны клиентке жібереді, бұл ретте Банк осындай тапсырмаларды орындаудан бас тартуына байланысты клиент шеккен шығындар мен залалдар үшін жауап бермейді.

18) Банк ағымдағы шоттағы қолжетімді қалдық шегінде клиенттің нұсқауларына сәйкес төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асырады. Ағымдағы шотта ақша жеткіліксіз болған жағдайда Банк төлем құжаттарын орындамай клиентке қайтаруға немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мерзімде клиентке орындаудан бас тарту туралы хабарлама жіберуге құқылы. Банк клиенттің төлем құжаттарын ішінара орындамайды.

19) Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда Банктің жүргізілетін төлемдер/ақша аударымдары/төлем құжаттары туралы ақпаратты құқық қорғау органдарына, Уәкілетті органға, сондай-ақ өзге де мемлекеттік органдар мен мекемелерге беруіне келіседі.

20) Банк қолданыстағы Банк тарифтеріне сәйкес банктік операцияларды жүзеге асырғаны үшін комиссияларды клиенттің алдын ала келісімінсіз оның ағымдағы шотынан есептен шығаруға құқылы.

21) Ағымдағы шот бойынша операцияларды тоқтата тұру және/немесе ағымдағы шоттағы ақшаға тыйым салу, оны бұғаттау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген негіздер бойынша және рәсімге сәйкес жүзеге асырылады. Клиенттің шоты бойынша операцияларды қайта бастау Банктің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Клиенттердің заңды мүдделерін қорғау және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жасау мақсатында Банк банктік шоттар бойынша операциялардың мониторингін және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің антифрод-орталығымен ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген жағдайларда Банк Банктің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен алаяқтық белгілері бойынша операцияны тоқтата тұрады немесе оны жүргізуден бас тартады;

22) Овердрафт пайда болған кезде, сондай-ақ Қосылу шарты бойынша өзге орындалмаған міндеттемелер, оның ішінде комиссияларды төлеу жөніндегі міндеттемелер болған кезде, Банк клиенттің қандай да бір қосымша келісімінсіз төлем ордері немесе төлем талабы негізінде Клиенттің ағымдағы шотын немесе Банкте және/немесе басқа банктерде және/немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда және өзге кредиттік ұйымдарда ашылған клиенттің банктік шоттарын тікелей дебеттеу арқылы берешек сомасындағы ақшаны есептен шығаруға (алып қоюға) құқылы.

23) Клиенттен ағымдағы шотты жабу туралы өтініш келіп түскен жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ағымдағы шотты жабуға кедергі келтіретін себептер болмаған кезде, Банк клиенттен өтініш алғаннан кейін 30 жұмыс күнінен кешіктірмей ағымдағы шотты жабады. Ағымдағы шотты жабу кезінде Банк Банк тарифтерінде көзделген мөлшерде қызметтер үшін комиссияларды есептен шығару құқығын өзінде қалдырады.

24) Шот белсенді емес деп танылған және/немесе Клиенттің ағымдағы шотында Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мерзімнен ұзақ уақыт бойы ақша болмаған жағдайда Банк Ағымдағы шот шартын біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл ретте клиент Банк Қосылу шартында көзделген тәсілдердің кез келгенімен Ағымдағы шот шартын орындаудан бас тарту туралы клиентке хабарлайтынына келіседі.

25) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, орындалмаған қаржылық және өзге де міндеттемелер, оның ішінде төленбеген комиссиялар болған кезде Ағымдағы шот шарты бұзылмайды және ағымдағы шот жабылмайды. Тараптардың кез келгені Ағымдағы шот шартының қолданылуын тоқтату туралы

мәлімдегеннен кейін Тараптар қалған барлық орындалмаған міндеттемелерді толық орындауға міндетті. Клиенттің Банк алдындағы барлық міндеттемелері толық және дереу орындалуға жатады.

26) Шот иесінің Эскроу-шот шартында көрсетілген мән-жай(лар) басталғанға дейін Эскроу-шотты жабу туралы өтінішін Банк Клиенттің тиісті жазбаша мақұлдауы болған кезде ғана қабылдай алады.

27) Шот иесі Эскроу-шот шартында Клиент айқындаған талаптарды орындамаған және осындай талаптардың басталу немесе орындалу мерзімі өткен жағдайда Банк ақшаны Клиентке қайтарады.

28) Эскроу-шоттағы ақшаға Эскроу-шот шартының талаптарына байланысты іс бойынша сот актісінен өзгеше негізде тыйым салуға және өндіріп алуды қолдануға жол берілмейді.

51. Банк қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес клиент деректерін мерзімді түрде жаңартып отырады.

12-тарау. Салымдарды (Депозиттерді) қабылдауға байланысты қаржы өнімдерін ұсыну талаптары.

52. Банкте банктік салым шарттарын жасасудың мынадай тәртібі мен мерзімдері белгіленген:

1) Банк жеке тұлғалардың салымдарына міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылады.

2) Депозитті орналастыру үшін Банк клиентпен Қосылу шартын жасасады және жинақ шотын ашады, клиенттен алынған өтініш негізінде Депозит сомасын жинақ шотына есепке жатқызады, Қосылу шартының қолданылу мерзімі ішінде оның сақталуын және есепке алынуын қамтамасыз етеді.

3) Жинақ шотын ашуға арналған Қосылу шартында клиенттің нұсқаулары негізінде Депозиттің валютасы, сомасы, мерзімі, сыйақы мөлшерлемесі, жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі, сыйақы төлеу кезеңділігі, қосымша жарналарға/ішінара алуға жол берілуі, сондай-ақ Депозитті орналастырудың өзге де талаптары айқындалады.

4) Егер жеке тұлғаның Депозиті қашықтан қол жеткізу жүйесі арқылы демалыс/мереке күні не Банк Депозитті қабылдау үшін белгілеген жұмыс күні аяқталғаннан кейін орналастырылса, осындай Депозитті орналастыру күні одан кейінгі жұмыс күні болып есептеледі;

5) Депозитті қабылдаудың міндетті талабы клиентте салынатын Депозит валютасындағы ағымдағы шоттың болуы не ол болмаған жағдайда осындай шоттың ашылуы болып табылады. Депозитті ашу және бұзу Депозит валютасындағы ағымдағы шот арқылы жүзеге асырылады.

6) Депозит ашылған жағдайда Банк клиенттен Депозитті қабылдауға, ол бойынша сыйақы төлеуге және Депозитті Қосылу шартында, тарифтерде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде қайтаруға міндеттенеді.

53. Жеке тұлғаның Салым (Депозит) мерзімі Қосылу шартының талаптарына сәйкес қосымша келісім жасалмай ұзартылған кезде сыйақы мөлшерлемесі төмендетілген жағдайда, Банк банктік қызметтерді тұтынушыға Салым (Депозит) мерзімі аяқталғанға дейін Қосылу шартында көзделген тәсілмен сыйақы мөлшерлемесінің төмендетілгені туралы хабарлайды.

54. Банкте депозиттер бойынша сыйақыны есептеу мен төлеудің мынадай талаптары белгіленген:

1) Депозит бойынша сыйақы Депозит сомасы және кейінгі қосымша жарналар (болған кезде) жинақ шотына түскен күннен бастап Депозиттің мерзімі мен сомасына қарай тиісті Қосылу шартында көрсетілген мөлшерлеме бойынша есептеледі;

2) Сыйақы күн сайын Депозит валютасында есептеледі. Депозиттің әрбір түрі бойынша сыйақыны капиталдандырудың болуы мен кезеңділігі, сондай-ақ сыйақыны төлеу тәртібі Қосылу шартында көрсетіледі. Сыйақы айдағы 28-31 күн (айдағы күндердің нақты саны) және жылдағы 365 (үш жүз алпыс бес) күн есебінен есептеледі.

3) Жинақ шотын ашуға арналған Қосылу шартында белгіленген сыйақы мөлшерлемесі Депозиттің бүкіл мерзімі ішінде өзгеріссіз қалады және Қосылу шартында белгіленген мерзім ішінде Депозит бойынша барлық қосымша жарналарға қолданылады. Салым шартының қолданылу мерзімі ұзартылған кезде сыйақы мөлшерлемесі осындай ұзарту күніндегі Банк тарифтерінде белгіленген мөлшерлемеге өзгеруі мүмкін; Депозит мерзімі ұзартылған кезде жылдық тиімді мөлшерлеменің мөлшері де бір мезгілде өзгереді.

4) Сыйақыны төлеу кезінде Банк, егер салықтар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделсе, сыйақы сомасынан оларды ұстап қалады.

5) Депозиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес есептеледі.

6) Егер Депозиттер бойынша сыйақы төленуге тиіс күн жұмыс емес күнге (демалыс немесе мереке күніне) сәйкес келсе, сыйақы одан кейінгі жұмыс күні төленеді;

7) Депозиттер бойынша сыйақыны толық көлемде төлеу талаптары:

➤ Депозиттегі ақша Қосылу шарты бойынша бүкіл мерзім ішінде және толық көлемде, егер толықтырулар Қосылу шартында көзделсе, оларды ескере отырып, сондай-ақ Депозиттен ақша алу банктік өнімнің және Қосылу шартының талаптарында көзделсе әрі Депозит талаптарын бұзу болып табылмаса, осындай алуларды ескере отырып сақталуға тиіс;

➤ Клиенттің ақшаны ішінара немесе толық мерзімінен бұрын алуына банктік өнімде және Қосылу шартында бұл тікелей көзделген жағдайда ғана жол беріледі;

➤ Сыйақы банктік өнімнің түріне және Депозит бойынша Қосылу шартының талаптарына қарай күн сайын/ай сайын/жыл сайын/Депозит мерзімінің соңында төленеді не төленбейді/қайтарылмай ұсталып қалады;

➤ Егер бұл банктік өнімде және Қосылу шартында тікелей көзделсе, есептелген сыйақы капиталдандырылуы (яғни Депозит сомасына қосылуы) мүмкін.

55. Банкте банктік салым шарттарын мерзімінен бұрын бұзудың мынадай талаптары мен тәртібі белгіленген:

1) Депозит жоспарлы түрде жабылған кезде Депозитті сақтаудың соңғы күні үшін сыйақы сомасын Банк есептемейді.

2) Егер Қосылу шартында және Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Депозит бойынша Қосылу шарты қолданылатын кезеңде тиісті Өтініш негізінде Шартты бұзу арқылы Депозит кез келген уақытта мерзімінен бұрын талап етілуі мүмкін. Клиент Депозит бойынша Қосылу шартын оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін бұзған жағдайда Банк банктік өнімнің түріне және Депозит бойынша Қосылу шартының талаптарына қарай сыйақыны төлейді (не төлемейді).

3) Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Қосылу шартында өзгеше белгіленбесе, шетел валютасында салынған Депозиттер сол валютада қайтарылады.

4) Егер Қосылу шарты бойынша Депозит және/немесе есептелген сыйақы қайтарылуға тиіс күн жұмыс емес күнге сәйкес келсе, Депозит одан кейінгі жұмыс күні төленеді.

5) Клиенттің Депозит сомасының бір бөлігін немесе толық сомасын мерзімінен бұрын қайтару туралы талабы Банкке келіп түскен жағдайда Банк Салым шартына сәйкес мерзімді Салым бойынша Клиенттің талабы келіп түскен күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде және Жинақ салымы бойынша 30 (отыз) күнтізбелік күн өткен соң Депозит сомасының бір бөлігін немесе толық сомасын қайтарады және есептелген сыйақыны Салым шартында белгіленген тәртіппен және талаптармен төлейді.

6) Банк үшінші тұлғалардың жинақ шотынан сомаларды алып қою туралы талаптарын орындаған күннен бастап сыйақы есептеуді тоқтата тұруға құқылы. Бұл ретте Банк есептеген және төлеген Депозит бойынша сыйақы Қосылу шартының талаптарына сәйкес қайта есептеліп, Клиентке қайтарылуы мүмкін.

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген жағдайларда Банк

үшінші тұлғалардың жинақ шотынан сомаларды алып қою туралы талаптарын орындаған кезде Банк Депозит қалдығын (болған кезде) мерзімінен бұрын қайтаруға құқылы.

8) Банк Депозиттің толық сомасын қайтарудың болжамды күніне дейін кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын Клиентке алдын ала хабарлай отырып, мынадай жағдайларда Депозиттің толық сомасын біржақты тәртіппен қайтара алады:

- ✓ Банк осы түрдегі жаңа Депозиттерді қабылдауды тоқтатқан кезде;
- ✓ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда.

13-тарау. Қарыздың банктік қызметтерді тұтынушы үшін жарамдылығын бағалау тәртібін, шартты жасасу, өзгерту және бұзу тәртібі мен мерзімдерін, міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсіліне қойылатын талаптарды, қарызды беру және өтеу тәртібін, төлем қабілетсіз банктік қызметтерді тұтынушымен (қарыз алушымен) өзара іс-қимыл тәртібін, оның ішінде кепіл нысанасына өндіріп алу рәсімдерін қоса алғанда, банктік қарыз операцияларына байланысты қаржы өнімдерін ұсыну талаптары.

Қарыздың жарамдылығын бағалау тәртібі.

56. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес жеке тұлғаға қарыз берілгенге немесе кредиттік лимит ұлғайтылғанға дейін Банк клиент үшін қарыздың жарамдылығын бағалайды, ол мыналарды қамтиды:

- 1) клиенттің төлем қабілеттілігі мен кредиттік тарихын талдау;
- 2) қарыз берудің клиенттің қолданыстағы қарыздар бойынша міндеттемелерін орындау қабілетіне ықпалын бағалау;
- 3) жоғары кредиттік тәуекел, мінез-құлықтық тәуекел немесе алаяқтық тәуекелі белгілерінің болуын бағалау.

57. Қарыз жарамсыз деп танылған жағдайда Банк мыналарды жүзеге асырмайды:

- 1) банктік қызметтерді тұтынушыға осындай қарызды ұсынуды;
- 2) қарыз беруге өтінімді мақұлдауды;
- 3) кредиттік желі беру туралы қолданыстағы келісім бойынша кредиттік лимитті ұлғайтуды.

58. Қарыздың жарамдылығын бағалау мақсатында Банк мынадай ақпаратты сұратады (алады) және талдайды:

- 1) қарыз алу мақсаты туралы;
- 2) қарызды пайдаланудың болжамды тәсілі туралы;
- 3) клиенттің борыш жүктемесінің деңгейі туралы;
- 4) мінез-құлықтық және өзге де факторлар туралы.

Қарыздың жарамдылығын бағалау кезінде Банк банктік қызметтерді тұтынушының қарыз алуына байланысты туындайтын барлық шығыстарды, оның ішінде қосымша қызметтер қарыз алудың міндетті талабы болып табылса, оны алу процесінің ажырамас бөлігі ретінде ұсынылса немесе клиент үшін болдырмауға болмайтын болса, осындай қосымша қызметтерге жұмсалатын шығыстарды ескереді.

59. Банк қарыздың жарамдылығын бағалау кезінде пайдаланылатын ақпараттың анықтығы мен толықтығын тексеру үшін, оның ішінде кредиттік бюролардың, мемлекеттік ақпараттық жүйелердің және өзге де қолжетімді дереккөздердің деректерін пайдалана отырып, шаралар қабылдайды.

60. Қарыздың жарамдылығын бағалау тек банктік қызметтерді тұтынушының кредиттік тарихы деректеріне ғана негізделмейді.

Қарыз шартын жасасу, өзгерту және бұзу тәртібі мен мерзімдері.

61. Банктік қарыз шарттарының нысандарын Банктің Уәкілетті органдары бекітеді. Азаматтық кодекстің 389-бабы шеңберінде Банк Қосылу шартын, қосылу туралы өтініштерді, өнімдер бөлінісіндегі Жалпы талаптарды, банктік қарыз шарттарын және өзге де нысандар мен формулярларды әзірлеп, бекітті.

62. Қосылу шарты клиент Банкке клиенттің қарыз берудің стандартты талаптарына (Ережелердің 2-тарауында айқындалғандай) тұтастай қосылғанын растайтын құжатты (қағаз немесе электрондық жеткізгіште) берген сәтте жасалады. Банктің қарыз алушыға қарыз сомаларын беру мерзімдері Қазақстан Республикасының заңнамасында және шарттарда белгіленеді.

63. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес Қарыз шартын жеке тұлғамен жасасқанға дейін Банк қызметкері (Уәкілетті агент) жеке тұлғаға мынадай құжаттарды жазбаша нысанда береді:

- негізгі ақпараттық құжат;
- шарт жобасы – банктік қызметтерді тұтынушының қалауы бойынша.

64. Банктік қызметтерді тұтынушының көрсетілген құжаттармен танысқаны оның қолымен расталады.

65. Негізгі ақпараттық құжат Реттеушінің Талаптарына сәйкес нысан бойынша жасалады.

66. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес қарызды жеке тұлғаға Интернет арқылы берген кезде құжаттар банктік қызметтерді тұтынушыға цифрлық объектілерде оларға қол жеткізу мүмкіндігін беру арқылы жеткізіледі, бұл ретте банктік қызметтерді тұтынушы осындай құжаттармен танысу фактісін цифрлық нысанда тиісті белгі қою арқылы міндетті түрде растайды. Бұл құжат шарттың бір бөлігі болып табылады және жазбаша нысанда не цифрлық объектілерде қол жеткізу мүмкіндігін беру арқылы тегін ұсынылады.

67. Шарт талаптарына өзгерістер енгізу мәселесін қарау кезінде қарыз алушының төлем қабілеттілігін есептегенде Банк Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 25 тамыздағы № 52 «Макропруденциялық нормативтер мен лимиттерді, олардың нормативтік мәндерін және есептеу әдістемесін белгілеу туралы» қаулысының талаптарын басшылыққа алады.

68. Банк өтініш пен қарыз алушы ұсынған құжаттарды алған күннен кейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде қарыз алушы ұсынған шарт талаптарына өзгерістерді қарайды және Банктер туралы заңның 61-бабының 3-тармағына сәйкес қарыз алушыға жазбаша нысанда, сондай-ақ цифрлық объектілер арқылы не шартта көзделген тәсілмен мына шешімдердің бірі туралы хабарлайды:

- 1) шарт талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісу туралы;
- 2) шарт талаптарын өзгерту жөніндегі қарсы ұсыныс туралы;
- 3) мұндай бас тарту себептерінің уәжді негіздемесін көрсете отырып, шарт талаптарын өзгертуден бас тарту туралы.

69. Қарыз алушының Банкпен бірнеше шарты болған кезде өтінішті қарау және шешім қабылдау әрбір шарт бойынша жеке жүзеге асырылады.

70. Қарыз алушының өтініші бойынша Банктің шешімі қарыз алушы шарттың қолданыстағы талаптары бойынша міндеттемелерді орындамауға әкеп соққан мән-жайларды құжатпен растаған кезде оның әлеуметтік және қаржылық жағдайын ескере отырып, қарыз алушының борыш жүктемесін төмендетуді қамтамасыз ететін талаптармен жеке тұлғалардың қарыздарын қайта құрылымдау жөніндегі кредиттік шешімдер қабылдаудың Банктің ішкі тәртібіне сәйкес қабылданады.

71. Банк пен қарыз алушы шарт талаптарын өзгерту туралы келісімге қол жеткізген кезде мұндай өзгерістерді енгізу мерзімі Банк тиісті шешім қабылдаған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен аспайды. Көрсетілген мерзім Банкке байланысты емес себептер бойынша өзгерістер енгізуге кедергі келтіретін жағдайларда қолданылмайды және олар жойылғанға дейін ұзартылуы мүмкін.

72. Банк шарт талаптарын өзгерту жөнінде қарсы ұсыныстар жіберген жағдайда қарыз алушының жауап беру мерзімі Банктің хатында көрсетіледі және қарыз алушы Банктің тиісті шешімін алған күннен бастап кемінде 15 (он бес) күнтізбелік күнді құрайды.

73. Қарыз алушы Банктің шешімін алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Банк пен қарыз алушы өзара қолайлы шешімге қол жеткізбесе, бұл шарт талаптарын

өзгертуден бас тарту болып есептеледі. Екі тараптың келісімі болған кезде бұл мерзім ұзартылуы мүмкін.

74. Қарыз алушы Банктің шарт талаптарын өзгерту жөніндегі ұсыныстарымен келіскен жағдайда мұндай өзгерістерді енгізу мерзімі Банк қарыз алушының жауабын алған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен аспайды.

75. Банктер туралы заңның 61-бабы 2-тармағында көзделген өтінішті қарау кезеңінде Банк шарт бойынша мерзімі өткен берешекті немесе оның бір бөлігін мерзімінен бұрын өтеуді талап етпейді, сондай-ақ нотариустың атқарушылық жазба жасау туралы өтінішін не берешекті өндіріп алу туралы сотқа талап қоюды беру жөніндегі іс-шараларды тоқтата тұрады.

76. Мерзімі өткен берешекті немесе оның бір бөлігін өтеуге қарыз алушының бастамасы бойынша Банкке хабарлау арқылы жол беріледі.

77. Қарыз алушы шарт талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтініш берген кезде Банк шарт бойынша комиссиялар және (немесе) өзге де төлемдер төлеуді талап етпей, кемінде үш ай мерзімге шарт талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісу туралы шешім қабылдайды, егер қарыз алушы:

➤ Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 68-бабына сәйкес халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын және Банктер туралы заңның 61-бабы 5-тармағында көзделген талаптар болған жағдайда;

➤ төтенше жағдай енгізуге негіз болған мән-жайлар салдарынан зардап шеккен.

Қарыз шартының талаптарына көрсетілген өзгерістер енгізілуіне байланысты Банк қарыз алушыдан комиссиялар және (немесе) өзге де төлемдер төлеуді талап етуге құқылы емес.

Банктің осы тармақта көрсетілген Қарыз шартының талаптарына өзгерістер енгізуі мына талаптардың кез келгені болған кезде жүзеге асырылады:

➤ қарыз алушы өтініш берген айдың алдындағы екі ай үшін есептелген оның орташа айлық кірісінің өтініш берген айдың алдындағы он екі ай үшін есептелген орташа айлық кірісімен салыстырғанда отыз пайыздан астам төмендеуі;

➤ қарыз алушының Банкке өтініш берген сәтте мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуы.

Осы тармақта көзделген қарыз алушының өтінішін қарау кезеңінде Банк қарызды мерзімінен бұрын өтеуді талап етуге құқылы емес.

Қарыз алушы Банктің шешімін алған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде Банк пен қарыз алушы өзара қолайлы шешімге қол жеткізбесе, бұл Қарыз шартының талаптарын өзгертуден бас тарту болып есептеледі. Көрсетілген мерзім екі тараптың келісімі болған кезде ұзартылуы мүмкін.

78. Ережелердің мақсаттары үшін қарыз алушыға шарт талаптарын өзгерту үшін Банкке жүгіну мүмкіндігі туралы хабарлама (бұдан әрі – «хабарлама»), сондай-ақ Банктің қарыз алушының өтінішіне жауабы жазбаша нысанда және (немесе) цифрлық объектілер арқылы және (немесе) шартта көзделген өзге тәсілмен жіберіледі.

79. Хабарлама мен жауап мына тәсілдермен жіберілген кезде жеткізілді деп есептеледі:

➤ шартта немесе өтініште көрсетілген тұрғылықты жері бойынша табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен, оның ішінде көрсетілген мекенжайда тұратын қарыз алушы отбасының кәмелетке толған мүшелерінің бірі алған кезде;

➤ шартта немесе қарыз алушының өтінішінде көрсетілген электрондық пошта мекенжайына;

➤ қарыз алушыға хабарламаның немесе жауаптың толық мәтінін қамтитын жауаппен не интернет-ресурсқа сілтемемен мәтіндік SMS-хабарлама немесе push-хабарлама жіберу арқылы;

➤ қарыз алушының хабарламаны немесе жауапты алғанын тіркеуді қамтамасыз ететін, шартта көзделген өзге де байланыс құралдарын пайдалану арқылы.

Қарыз алушы Банкке өзі келген кезде қарыз алушының өтінішіне жауап, осы тармақта көзделген тәсілдермен жеткізілген жауапты қоспағанда, оған жеке қол қойғызылып табыс етіледі, бұл туралы жазбаша өтініштерді тіркеу журналында белгі жасалады.

80. Хабарлама немесе жауап адресатқа, алушыға табыс ету мүмкін еместігі туралы белгімен не оны қабылдаудан бас тартуға байланысты қайтарылған жағдайда, хабарлама мен жауап тиісінше берілді деп есептеледі.

81. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес Қарыз шарты, микрокредит беру туралы шарт бойынша мерзімі өткен берешек туындаған сәттен бастап жиырма төрт ай ішінде қарыз алушы кредит бойынша берешекті өтей алатын, тараптар үшін өзара қолайлы талаптарды қамтамасыз ететін, оның ішінде банктік қарызға қызмет көрсетуге байланысты тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды), комиссияларды және өзге де төлемдерді толық жоюды қамтитын берешекті реттеу рәсімі жүргізілмесе, құқықты (талапты) коллекторлық агенттікке беруге жол берілмейді.

Міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсіліне қойылатын талаптар.

82. Қарыз алушылардың Қарыз шарттары бойынша міндеттемелерінің орындалуы Банктің барлық қарыз өнімдері бойынша: тұтынушылық қарыздар бойынша да (тұрақсыздық айыбымен, мүлікті ұстап қалумен және (немесе) Банктің пайдасына үшінші тұлғалардың кепілдіктерімен қамтамасыз етілуі мүмкін), ипотекалық қарыздар бойынша да (мүлікті кепілге салумен, жылжымалы және (немесе) жылжымайтын мүлікті (заттарды/мүліктік құқықтарды) кепілге қоюмен қамтамасыз етілуі мүмкін) қамтамасыз етіледі.

83. Қарыз алушылардың Қарыз шарттары бойынша Банк алдындағы міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету ретінде мүлікті кепілге салу да, жылжымалы және (немесе) жылжымайтын мүлік ипотекасы да қолданылуы мүмкін.

84. Міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсіліне қойылатын талаптар осы Ережелердің 6-тарауында да белгіленген.

Қарызды беру және өтеу тәртібі.

85. Банкте қарыздарды беруге және өтеуге мынадай талаптар белгіленген:

1) Қарыз Қарыз алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында, Банктің ішкі нормативтік құжаттарында және тиісті кредиттік өнімнің талаптарында белгіленген талаптарды сақтаған кезде беріледі.

2) Қарыз беру туралы шешімді белгіленген өкілеттіктерге сәйкес Уәкілетті орган қабылдайды.

3) Негізгі борыш пен сыйақыны өтеу банктік қарыз шартында және Өтеу кестесінде көзделген мерзімдерде және тәртіппен жүзеге асырылады.

4) Қарызды толық немесе ішінара мерзімінен бұрын өтеуге Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тәртіппен және талаптармен жол беріледі.

5) Қарыз алушы банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерді, оның ішінде негізгі борышты, сыйақыны, комиссияларды және шартта көзделген өзге де төлемдерді өтеуді уақтылы орындауға міндетті.

6) Шарт талаптары бұзылған жағдайда Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында, банктік қарыз шартында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген шараларды қолдануға құқылы.

7) Қарыздарды беруге, оларға қызмет көрсетуге және өтеуге қойылатын өзге талаптар тиісті кредиттік өнімдердің талаптарымен және Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен айқындалады.

Төлем қабілетсіз қарыз алушы – жеке тұлғамен өзара іс-қимыл тәртібі.

86. Банк қарыз алушы – жеке тұлғаға Қарыз шартында көзделген тәсілмен, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы Қарыз шарты бойынша ақшалай міндеттемелерді орындау мерзімінің өтуі туралы мерзімі өткен күннен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей жазбаша хабарлауға міндетті.

Көрсетілген хабарламада мыналар қамтылуға тиіс:

- 1) хабарламада көрсетілген күнге Қарыз шарты бойынша мерзімі өткен төлемдердің мөлшері;
- 2) Қарыз шарты бойынша мерзімі өткен төлемдерді енгізу туралы талап;
- 3) қарыз алушының Қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындамауының салдарын түсіндіру;
- 4) қарыз алушының Қарыз шартына өзгерістер енгізу туралы ұсыныспен Банкке жүгіну құқығын көрсету;
- 5) Банктің қалауы бойынша өзге де мәліметтер.

Банк көрсетілген хабарламаны қарыз алушыға жіберу үшін коллекторлық агенттікті тартуға құқылы.

87. Банк қарыз алушыға хабарлама жіберген күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде қарыз алушы Банкке жазбаша нысанда және (немесе) ақпараттандыру объектілері арқылы және (немесе) Қарыз шартында көзделген өзге тәсілмен мына мәселелердің кез келгені бойынша ұсыныс жасауға құқылы:

- 1) Қарыз шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендету жағына өзгерту;
- 2) Қарыз шартында белгіленген мөлшерден кемінде елу пайызға Қарыз шарты бойынша ай сайынғы төлемді азайту;
- 3) шетел валютасында берілген қарыз бойынша негізгі борыш қалдығы сомасының валютасын Қазақстан Республикасының ұлттық валютасына өзгерту;
- 4) негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемдерді кейінге қалдыру;
- 5) берешекті өтеу әдісін және (немесе) берешекті өтеу кезектілігін, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтеу арқылы өзгерту;
- 6) қарыз мерзімін өзгерту;
- 7) мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіру, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды), комиссияларды және банктік қарызға қызмет көрсетуге байланысты өзге де төлемдерді жою;
- 8) Қазақстан Республикасының «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Заңының 20-1-бабында белгіленген тәртіппен кепіл берушінің ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті дербес өткізуі;
- 9) Банкке кепіл мүлкін және (немесе) өзге мүлікті беру арқылы Қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындаудың орнына бас тарту төлемін ұсыну;
- 10) Қарыз шарты бойынша міндеттемені сатып алушыға бере отырып, ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті өткізу.

Қарыз алушының көрсетілген өтінішінде Қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындау мерзімінің өту себептері, қарыз алушының ағымдағы кірістері туралы мәліметтер және қарыз алушының Қарыз шартының талаптарына өзгерістер енгізу туралы ұсыныспен өтініш жасауына себеп болатын (оны негіздейтін) өзге де мән-жайлар қамтылуға тиіс.

88. Банк қарыз алушының өтінішін алған күннен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде қарыз алушы ұсынған Қарыз шартының талаптарына өзгерістер енгізу мүмкіндігін қарауға және қарыз алушыға Қарыз шартында көзделген тәсілмен, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы Банктің мына шешімдерінің бірі туралы жазбаша хабарлауға міндетті:

- 1) Қарыз шартының талаптарына қарыз алушы ұсынған өзгерістерді енгізуге келісу туралы;
- 2) Банктің қарыз алушыға Қарыз шартына өзгерістер енгізу жөніндегі қарсы ұсынысы туралы;
- 3) мұндай бас тарту себептерінің уәжді негіздемесін көрсете отырып, Қарыз шартының талаптарына қарыз алушы ұсынған өзгерістерді енгізуден бас тарту туралы.

Қарыз алушының өтініші бойынша Банктің шешімі Банктер туралы заңның талаптарын ескере отырып, жеке тұлғалардың қарыздарын қайта құрылымдау жөніндегі кредиттік шешімдер қабылдаудың Банктің ішкі тәртібіне сәйкес қабылданады.

89. Қарыз алушы хабарламада көрсетілген Қарыз шарты бойынша мерзімі өткен төлемдерді енгізу туралы Банктің талабын қанағаттандырмаған жағдайда, қарыз алушының өз құқықтарын іске асыруына қарамастан, Банк Қарыз шартында қамтылған қарыз алушының

оның банктік шотынан ақшаны алып қоюға келісімі болған кезде төлем талабын қою арқылы да қарыз алушының банктік шоттарындағы ақшаға даусыз тәртіппен өндіріп алуды қолдануға құқылы, мыналарды қоспағанда:

1) қарыз алушының талабы бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен ашылған банктік шоттардағы мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдер, Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 112-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес берілетін материалдық көмек түрінде қарыз алушы алатын ақша (электрондық ақша);

2) табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдай салдарынан зардап шеккен жеке тұлғаларға мемлекеттік бюджеттен және (немесе) қайырымдылық ұйымдарынан материалдық залалды өтеуді және қажетті көмек көрсетуді есепке жатқызуға арналған банктік шоттардағы ақша;

3) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен ашылған банктік шоттардағы алименттер (кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды асырауға арналған ақша), сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңында көзделген тұрғын үй төлемдері;

4) жеке тұрғын үй қорындағы жалға алынған тұрғын үй ақысын төлеу мақсатында төлемдер мен субсидияларды есепке жатқызуға арналған, ұлттық даму институты мәртебесі бар тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің банктік шотындағы ақша;

5) тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алу ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан нысаналы жинақтар және (немесе) нысаналы жинақ төлемдері;

6) тұрғын үй жағдайларын жақсартуға арналған білім беру жинақ салымынан жинақ төлемдері немесе білім беру жинақтандыру сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемдері;

7) Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасында көзделген тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделу ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан біржолғы зейнетақы төлемдері;

8) тұрғын үй төлемдерін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделу ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану есебінен жинақталған тұрғын үй құрылысы жинақтары түріндегі тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі банктік шоттағы ақша, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алу ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан нысаналы жинақ төлемдері, берілген қарыздар бойынша кепіл нысанасы болып табылатын тұрғын үй құрылысы жинақтары түріндегі тұрғын үй құрылысы жинақ банктеріндегі банктік шоттардағы ақша, тұрғын үй жағдайларын жақсартуға арналған білім беру жинақ салымынан жинақ төлемдері немесе білім беру жинақтандыру сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемдері;

9) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеу мақсатында жасалатын шарттар бойынша міндеттемелерді орындамау туралы істер жөніндегі сот шешімдері негізіндегі өндіріп алуларды қоспағанда, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған жинақтар түріндегі банктік шоттардағы ақша;

10) нотариус депозиті талаптарымен енгізілген ақша;

11) инвестициялық портфельді басқарушының орындалмаған міндеттемелері бойынша оның клиенттерінің ақшасын есепке алуға арналған банктік шоттардағы ақша;

12) номиналды ұстаушы функцияларын жүзеге асыратын тұлғаның орындалмаған міндеттемелері бойынша осындай тұлғаның клиенттерінің ақшасын есепке алуға арналған банктік шоттардағы ақша;

13) қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыруға арналған банктік шоттардағы ақша;

14) Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы» Заңына сәйкес жасалған білім беру жинақ салымы туралы шарт бойынша банктік шоттардағы ақша;

15) өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған жеке сот орындаушыларының ағымдағы шоттарындағы ақша;

16) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Заңында көзделген тәртіппен төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, соттан тыс немесе сот банкроттығы рәсімін қолдану туралы іс қозғалған қарыз алушы – Қазақстан Республикасы азаматының банктік шоттарындағы ақша.

Басқа Банк берген банктік қарыз бойынша кепіл нысанасы болып табылатын жинақ банктік шоттарындағы ақша есебінен, басқа банк берген банктік қарыз бойынша өтелмеген негізгі борыш сомасы мөлшерінде Қарыз шарты бойынша берешекті төлем талабымен өндіріп алуға жол берілмейді.

Қарыз алушының Қарыз шарты бойынша берешегін төлем талабын қою арқылы өндіріп алу оның банктік шотындағы ақша сомасының және (немесе) кейіннен заңды тұлғадан немесе дара кәсіпкерден қарыз алушының банктік шотына түсетін әрбір ақша сомасының елу пайызы шегінде шектеледі және төлем талабын толық орындау үшін қажетті бүкіл соманың банктік шотқа түсуін күтпей жүзеге асырылады.

Төлем талабын орындау кезінде бір Банкте ашылған жеке тұлғаның немесе жеке тұлға жеке кәсіпкерлік түрінде қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде тіркелген болса, дара кәсіпкердің ағымдағы шотында не ағымдағы шоттарының жиынтығында сақталатын ақша сомасы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген күнкөріс деңгейінің екі еселенген мөлшерінен кем болмауға тиіс. Көрсетілген шектеу жеке тұлға жеке кәсіпкерлік түрінде қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде тіркелген болса, қарыз алушы – жеке тұлғаның немесе дара кәсіпкердің жинақ шотындағы ақшаға қолданылмайды.

90. Қарыз алушы хабарламада көрсетілген Қарыз шарты бойынша мерзімі өткен төлемдерді енгізу туралы Банктің талабын қанағаттандырмаған жағдайда Банк сондай-ақ мыналарға құқылы:

1) қарыз алушыға қатысты Банктің проблемалық активтерді басқару саясатына сәйкес шаралар қолдануға;

2) құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқару шарты бойынша қарыз алушының берешегін сервистік компанияның сенімгерлік басқаруына беруге;

3) қарыз алушының берешегін сотқа дейін өндіріп алу және реттеу үшін коллекторлық агенттікке беруге. Берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу үшін коллекторлық агенттікке беруге Қарыз шартында қарыз алушы Қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алған кезде Банктің коллекторлық агенттікті тарту құқығы болған жағдайда жол беріледі. Банк берешекті сотқа дейін өндіріп алуға және реттеуге берген күні қарыз алушыға бұл туралы Қарыз шартында көзделген тәсілмен, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы коллекторлық агенттіктің атауын, орналасқан жерін және борышкерлермен байланысуға арналған телефон нөмірлерін көрсете отырып хабарлайды. Берешек коллекторлық агенттікте сотқа дейін өндіріп алу және реттеу кезеңінде болған кезде Банк мыналарға құқылы емес:

➤ берешекті өндіріп алу туралы сотқа талап қоюға;

➤ берешек коллекторлық агенттіктің жұмысында болған кезең үшін қарызды беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты сыйақыны, комиссияларды және өзге де төлемдерді төлеуді талап етуге, сондай-ақ көрсетілген кезеңде негізгі борыш пен сыйақыны уақтылы өтемегені үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) есептеуге;

4) қарыз алушының ақшалай міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алуы болған кезде Банктер туралы заңның 63-бабында белгіленген талаптарды сақтай отырып, Қарыз шарты бойынша құқықтарды (талаптарды) беруге:

жеке тұлғамен жасалған ипотекалық қарыз шарты бойынша – қатарынан жүз сексен күнтізбелік күннен астам;

жеке тұлғамен жасалған өзге Қарыз шарттары бойынша – қатарынан тоқсан күнтізбелік күннен астам.

Жеке тұлғамен жасалған Қарыз шарты бойынша талап ету құқықтарын коллекторлық агенттікке беруге мерзімі өткен берешек туындаған күннен бастап жиырма төрт ай өткен соң, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген және қарыз алушы қарыз бойынша берешекті өтей алатын тараптар үшін өзара қолайлы талаптарды қамтамасыз ететін берешекті реттеу рәсімдері жүргізілгеннен кейін жол беріледі. Бұл жағдайда банктік қарызға қызмет көрсетуге байланысты есептелген және төленбеген тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды), комиссияларды және өзге де төлемдерді толық жою міндетті болып табылады.

Осы тармақшаның ережелері Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Заңында көзделген тәртіппен қарыз алушы – Қазақстан Республикасының азаматына қатысты төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, соттан тыс немесе сот Банкроттығы рәсімі қолданылатын жағдайларға қолданылмайды.

Банкке Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтамай, жеке тұлғамен жасалған банктік қарыз шарты бойынша құқықтарды (талаптарды) коллекторлық агенттікке беруге тыйым салынады.

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Қарыз шартында көзделген өзге де шараларды қолдануға, оның ішінде Қарыз шарты бойынша борыш сомасын өндіріп алу туралы сотқа талап қоюға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, кепілге салынған мүлікке соттан тыс немесе сот тәртібімен өндіріп алуды қолдануға;

б) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қарыз алушы – дара кәсіпкерді банкрот деп тану туралы сотқа талап қоюға.

91. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес, жеке тұлғаның тұрғын үйімен қамтамасыз етілген ипотекалық қарыз шарты бойынша қарыз алушының міндеттемелерін мүлкі қамтамасыз ететін кепіл берушінің Қазақстан Республикасының «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Заңында көзделген тәртіппен берілген жылжымайтын мүлікті дербес өткізу туралы өтінішхатын алған Банк қарыз алушы мен кепіл берушіге қатысты жоғарыда көзделген шараларды тоқтата тұрады.

92. Коллекторлық агенттік және (немесе) сервистік компания Банкке осындай қызметтер көрсететін жағдайларды қоспағанда, Банкке үшінші тұлғалардан берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу, сондай-ақ берешекке байланысты ақпарат жинау жөніндегі қызметтерді алуға тыйым салынады.

Төлем қабілетсіз қарыз алушылар – заңды тұлғаларға қолданылатын шаралар.

93. Банк қарыз алушы – заңды тұлғаға Қарыз шартында көзделген тәсілмен, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы Қарыз шарты бойынша ақшалай міндеттемелерді орындау мерзімінің өтуі туралы мерзімі өткен күннен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей жазбаша хабарлауға міндетті.

94. Көрсетілген хабарламада мыналар қамтылуға тиіс:

1) хабарламада көрсетілген күнге Қарыз шарты бойынша мерзімі өткен төлемдердің мөлшері;

2) Қарыз шарты бойынша мерзімі өткен төлемдерді енгізу туралы талап;

3) қарыз алушының Қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындамауының салдарын түсіндіру;

4) Банктің қалауы бойынша өзге де мәліметтер.

95. Банк көрсетілген хабарламаны қарыз алушыға жіберу үшін коллекторлық агенттікті тартуға құқылы.

96. Қарыз алушы хабарламада көрсетілген Қарыз шарты бойынша мерзімі өткен төлемдерді енгізу туралы Банктің талабын қанағаттандырмаған жағдайда Банк Қарыз шартында қамтылған қарыз алушының оның банктік шотынан ақшаны алып қоюға келісімі

болған кезде төлем талабын қою арқылы да қарыз алушының банктік шоттарындағы ақшаға даусыз тәртіппен өндіріп алуды қолдануға құқылы, мыналарды қоспағанда:

1) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеу мақсатында жасалатын шарттар бойынша міндеттемелерді орындамау туралы істер жөніндегі сот шешімдері негізіндегі өндіріп алуларды қоспағанда, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған жинақтар түріндегі банктік шоттардағы ақша;

2) мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инвестициялық шығындардың өтемақысын есепке жатқызуға арналған банктік шоттардағы ақша;

3) нотариус депозиті талаптарымен енгізілген ақша;

4) инвестициялық портфельді басқарушының орындалмаған міндеттемелері бойынша оның клиенттерінің ақшасын есепке алуға арналған банктік шоттардағы ақша;

5) номиналды ұстаушы функцияларын жүзеге асыратын тұлғаның орындалмаған міндеттемелері бойынша осындай тұлғаның клиенттерінің ақшасын есепке алуға арналған банктік шоттардағы ақша;

6) қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыруға арналған банктік шоттардағы ақша;

7) өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған жеке сот орындаушыларының ағымдағы шоттарындағы ақша;

8) Қазақстан Республикасының аумағында төлем карточкаларын пайдалана отырып жүзеге асырылған банкаралық төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз етуге арналған орталық депозитарийдегі және (немесе) клирингтік ұйымдағы Банктердің ақшасы және (немесе) бағалы қағаздары.

97. Басқа банк берген банктік қарыз бойынша кепіл нысанасы болып табылатын жинақ банктік шоттарындағы ақша есебінен, басқа банк берген банктік қарыз бойынша өтелмеген негізгі борыш сомасы мөлшерінде Қарыз шарты бойынша берешекті төлем талабымен өндіріп алуға жол берілмейді.

98. Инвестициялық шығындардың өтемақысын есепке жатқызуға арналған банктік шоттардағы ақшаны алып қоюға қатысты шектеулер Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 742-бабы 2-тармағында көзделген кезектілікке сәйкес бірінші, екінші және үшінші кезектерге жататын талаптарға қолданылмайды.

99. Қарыз алушы хабарламада көрсетілген Қарыз шарты бойынша мерзімі өткен төлемдерді енгізу туралы Банктің талабын қанағаттандырмаған жағдайда Банк сондай-ақ мыналарға құқылы:

1) қарыз алушыға қатысты Банктің проблемалық активтерді басқару саясатына сәйкес шаралар қолдануға;

2) берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу үшін құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқару шарты бойынша қарыз алушының берешегін сервистік компанияның сенімгерлік басқаруына беруге;

3) қарыз алушының берешегін сотқа дейін өндіріп алу және реттеу үшін коллекторлық агенттікке беруге.

100. Берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу үшін сервистік компанияға беруге Қарыз шартында қарыз алушы Қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алған кезде Банктің сервистік компанияны тарту құқығы болған жағдайда жол беріледі.

101. Банк берешекті сотқа дейін өндіріп алуға және реттеуге берген күні қарыз алушыға бұл туралы Қарыз шартында көзделген тәсілмен, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы сервистік компанияның атауын, орналасқан жерін және борышкерлермен байланысуға арналған телефон нөмірлерін көрсете отырып хабарлайды.

102. Берешек сервистік компанияда сотқа дейін өндіріп алу және реттеу кезеңінде болған кезде Банк мыналарға құқылы емес:

➤ берешекті өндіріп алу туралы сотқа талап қоюға;

➤ берешек сервистік компанияның жұмысында болған кезең үшін қарызды беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты сыйақыны, комиссияларды және өзге де төлемдерді

төлеуді талап етуге, сондай-ақ көрсетілген кезеңде негізгі борыш пен сыйақыны уақтылы өтемегені үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) есептеуге;

➤ Банктер туралы заңның 63-бабында белгіленген талаптарды сақтай отырып, Қарыз шарты бойынша құқықтарды (талаптарды) беруге;

➤ Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Қарыз шартында көзделген өзге де шараларды қолдануға, оның ішінде Қарыз шарты бойынша борыш сомасын өндіріп алу туралы сотқа талап қоюға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, кепілге салынған мүлікке соттан тыс немесе сот тәртібімен өндіріп алуды қолдануға;

➤ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қарыз алушы – заңды тұлғаны Банкрот деп тану туралы сотқа талап қоюға.

103. Коллекторлық агенттік және (немесе) сервистік компания Банкке осындай қызметтер көрсететін жағдайларды қоспағанда, Банкке үшінші тұлғалардан берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу, сондай-ақ берешекке байланысты ақпарат жинау жөніндегі қызметтерді алуға тыйым салынады.

Кепіл нысанасына өндіріп алуды қолдану рәсімдері.

104. Банкте Банкке кепілге салынған мүлікке өндіріп алуды қолданудың мынадай рәсімдері белгіленген:

1) Мерзімі өткен берешек 90 күнтізбелік күн және одан көп болған кезде Банк ішкі нормативтік құжаттарда және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарында белгіленген тәртіппен кепіл мүлкін соттан тыс өткізу процесін бастайды.

2) Сенім білдірілген тұлға Сауда-саттық туралы хабарламаны Уәкілетті тіркеуші органда тіркегенге дейін Банк кепіл мүлкін соттан тыс өткізудің мынадай талаптарын Банктің Уәкілетті органының мақұлдауына шығарады:

- тәуелсіз бағалаушы дайындаған бағалау туралы есепте (бұдан әрі – «Бағалау туралы есеп») көрсетілген оның ағымдағы жай-күйін, нарықтық құнын; құнын көрсете отырып, кепіл мүлкінің толық сипаттамасы;

- қарыз алушының дебиторлық берешегін, болған кезде, қоса алғанда, қарыз бойынша ағымдағы берешектің толық жазбасы;

- проблемалық берешек бойынша ағымдағы провизиялардың сомасы (болған кезде);

- Бағалау туралы есепте көрсетілген ағымдағы бағалау құны және Банк қызметтерінің қорытындысы негізінде кепіл мүлкін өткізудің ұсынылатын бастапқы бағасы;

- кепіл мүлкінің бастапқы бағасын өзгерту қадамы және одан төмен бағамен өткізуге тыйым салынатын ең төменгі шекті құны, бастапқы сауда-саттық өтпеген жағдайда сенім білдірілген тұлғаның қайталама сауда-саттық өткізу мүмкіндігі;

- Банктің сауда-саттыққа қатысуы/қатыспауы туралы талап;

- сауда-саттыққа қатысушылар міндетті түрде төлеуге тиіс кепілдік жарнаның ұсынылатын мөлшері;

- шартта немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген Қарыз алушының берешегін өтеу мақсатында кепіл мүлкін сауда-саттықта өткізуден түскен ақшалай қаражатты бөлу тәртібі;

- Банктің сауда-саттықта өткізілген кепіл мүлкін Уәкілетті тіркеуші органда Банктің кепіл ауыртпалығынан босату және сатып алу құнын белгіленген мерзімде толық төлеген сауда-саттық жеңімпазына өткізілген мүлікке құқық белгілейтін және құқық куәландыратын құжаттардың түпнұсқаларын Қабылдау-беру актісі бойынша беру міндеттемесі.

3) Кепіл беруші кепіл мүлкін қарап-тексеруге қол жеткізуді бермей, осындай бағалау жүргізуге кедергі келтіретіндіктен тәуелсіз бағалау жүргізу мүмкін болмаған жағдайда, кейіннен кепіл мүлкін соттан тыс өткізу рәсімін тоқтату және талап қою-арыз жұмысын бастау мәселесі қаралады.

4) Кепіл мүлкі мына жағдайларда Банктің меншігіне айналдырылуы мүмкін:

- Мүлік соттан тыс өткізу жөніндегі сауда-саттықта өткізілмесе немесе бұл сауда-саттық Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша өтпеді деп танылса;

- Мүлік электрондық аукцион нысанындағы сот сауда-саттығында өткізілмесе немесе бұл сауда-саттық заңнамада көзделген негіздер бойынша өтпеді деп танылса;

- қарыз алушы/кепіл беруші ұсынған тиісті жазбаша өтініш негізінде Банк, қарыз алушы/кепіл беруші арасында бас тарту төлемі туралы шарт жасасу нәтижесінде.

Банк Қарыз шарты бойынша кепіл нысанасына (өзге қамтамасыз етуге) өндіріп алуды қолдану және (немесе) Қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындаудың орнына бас тарту төлемін алу нәтижесінде сатып алынған мүлікті банктік және микроқаржы активтерін сату жөніндегі электрондық сауда алаңында сауда-саттық өткізу арқылы өткізуге міндетті. Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген жағдайлар мен мерзімдерді қоспағанда, көрсетілген мүлікті Банк оны сатып алған күннен бастап үш жыл ішінде өткізуге тиіс.

14-тарау. Банктік қызметтерді тұтынушылармен жұмыс істеу тәртібі туралы ережелер.

105. Заңды тұлға Клиенттермен жұмысты ұйымдастыру шеңберінде олардың операциялық қызметін сүйемелдеуді және консультация беруді Банктің тиісті бөлімшесі жүзеге асырады. Банктің Клиенттермен өзара іс-қимылы адалдық, ашықтық және банктік қызметтерді ұсыну талаптары туралы ақпаратты толық ашу қағидаттарына негізделеді. Заңды тұлға Клиенттерге қызмет көрсету кезінде Банк Клиентке қолданылатын Тарифтер, операциялар жүргізу талаптары туралы ақпарат береді. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тәсілдермен Клиенттерге Банктің қолданыстағы Тарифтеріндегі өзгерістер, операциялық уақыттың немесе төлемдер мен аударымдарды жүргізу регламентінің өзгеруі туралы уақтылы хабарлайды.

106. Досьені жаңарту үшін құжаттарды ұсыну, валюталық бақылау және КЖ/ТҚҚ туралы заңнама шеңберінде құжаттарды сұрату қажет болған жағдайда Банк қызметкерлері Клиентке жедел хабарлайды және растайтын құжаттарды ұсыну процесін үйлестіреді. Консультация беру кезінде Банк қызметкерлері Клиенттерге қосымша қызметтерді таңуға жол бермейтін қызмет көрсету талаптары туралы объективті ақпарат береді. Клиенттің сұрауы бойынша Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында жол берілетін шектерде Банктің бейінді қызметтері тарапынан операциялық сұраулардың орындалу мәртебесіне, төлемдерді өңдеудегі кідірістердің немесе операцияларды жүргізуден бас тартудың себептеріне қатысты түсіндірмелер берілуін қамтамасыз етеді.

107. Жеке тұлға Клиенттермен жұмысты ұйымдастыру шеңберінде консультация беру мен қызмет көрсетуді Банктің тиісті бөлімшесі жүзеге асырады. Клиенттермен өзара іс-қимыл адалдық, ашықтық, банктік қызметтерді тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау, сондай-ақ ұсынылатын ақпараттың толықтығы мен қолжетімділігі қағидаттарына негізделеді.

108. Банк қызметкерлері Клиенттерге Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген банктік өнімдер мен қызметтердің талаптары, тарифтер, комиссиялар және қызмет көрсетудің өзге де талаптары туралы ақпарат береді.

109. Консультация беру кезінде Клиенттерге жаңылыстыруға және қосымша қызметтерді таңуға жол бермейтін объективті және анық ақпарат беріледі. Банк Клиентке қосымша қаржылық (немесе өзге) қызмет алу талабымен банктік қызметті алуға келісу немесе одан бас тарту құқығы туралы міндетті түрде хабарлайды. Клиенттің қосымша қызметтерді алудан бас тартуы Банктің негізгі банктік қызметті көрсетуден бас тартуына негіз болып табылмайды. Клиенттердің өтініштері бойынша Банк қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген

шектерде қызмет көрсету, операцияларды орындау және өтініштерді қарау мәселелері бойынша қажетті түсіндірмелер береді.

110. Банктің банктік қызметтерді тұтынушылармен өзара іс-қимылы клиенттердің Банкке жеке келуі кезінде де, шарттарда белгіленген байланыс арналары арқылы да жүзеге асырылады.

Банктің банктік қызметтерді тұтынушыларға ақпарат беруі және консультация беруі, оның ішінде банктік қызметтерді тұтынушылардың қаржылық сауаттылық деңгейін арттыруға бағытталған қызметі, Банк мыналарды жүзеге асырған кезде, олармен шектелмей, жүргізіледі:

- қаржылық сауаттылық жөніндегі іс-шараларды іске асырады;
- ақпараттық материалдарды орналастырады;
- түсіндіру жұмысын жүргізеді;
- қаржылық алаяқтық тәуекелдері туралы хабарлайды;
- қаржылық сауаттылықты арттыру үшін цифрлық арналарды пайдаланады.

111. Банктің мүгедектігі бар адамдарға (бұдан әрі – «МБА») және халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарына (бұдан әрі – «ХЖШТ») қаржы ұйымдарының МБА мен ХЖШТ-ға қызмет көрсету бөлімшелерінің қолжетімділігі жөніндегі ұлттық стандарт талаптарын ескере отырып қызмет көрсетуі туралы, сондай-ақ сенім білдірілген тұлғаның қатысуымен МБА мен ХЖШТ-ға қызмет көрсету ерекшеліктері.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес МБА мен ХЖШТ-ға банктік қызметтер туралы ақпаратты ашу олардың қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылады және көрсетілген тұлғаларға мына ақпаратты жеткізуді қамтиды:

- 1) қолжетімді қызмет көрсету тәсілдері туралы;
- 2) МБА мен ХЖШТ үшін бейімделген банк үй-жайлары мен өзіне-өзі қызмет көрсету құрылғыларының болуы және орналасқан жері, олардың жұмыс режимі, сондай-ақ осындай үй-жайларда көрсетілетін банктік қызметтердің тізбесі туралы;
- 3) құжаттар мен мәліметтерді алудың қолжетімді форматтары туралы;
- 4) банктік қызметтерді тұтынушының немесе оның сенім білдірілген тұлғасының өтініші бойынша ақпарат беру мен қызмет көрсетудің жекелеген тәсілдерін ажырату мүмкіндігі, сондай-ақ осындай өтінішті беру тәртібі туралы;
- 5) цифрлық объектілерді пайдалана отырып банктік қызметтер көрсету кезінде (оның ішінде операциялардың түрлері және (немесе) сомалары бойынша) шектеулер белгілеу мүмкіндігі және оларды белгілеу, өзгерту немесе жою тәртібі туралы;
- 6) сенім білдірілген тұлғаның операцияларды қосымша растау қызметтері (Банкте осындай қызмет болған кезде), оны қосу және ажырату талаптары, растауға жататын операциялар тізбесі, сондай-ақ растау мерзімдері туралы;
- 7) денсаулық жағдайына байланысты шектеулер болған кезде құжаттарға қол қоюдың және банктік қызметтерді тұтынушының ерік білдіруін ресімдеудің қолжетімді тәсілдері туралы;
- 8) тек автоматтандырылған дауыстық ақпарат беру жүйесімен өзара іс-қимыл жасаудың орнына қызметкерге жүгіну мүмкіндігін қоса алғанда, банк қызметкерінің консультациясын алу тәртібі туралы.

112. МБА мен ХЖШТ өздерінің ерік білдіруі болған кезде немесе объективті түрде қосымша көмек көрсету талап етілетін жағдайларда Банкте басым тәртіппен қызмет көрсетілуге жатады.

113. Банк қызметкері Клиентке қызмет көрсету кезінде Клиент мәлімдеген қажеттіліктерге қарай қосымша көмек көрсету ықтимал қажеттілігін ескереді. Мүгедектік мәртебесін анықтау (растау) және қызмет көрсетуге жеке тәсілді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мемлекеттік ақпараттық жүйелер арқылы Клиент туралы мәліметтерді тексеруге тек Клиенттің келісімімен жол беріледі. Жеке

тәсіл Клиент мәлімдеген қажеттіліктер немесе оның келісімімен белгіленген тәртіппен алынған мәліметтер негізінде іске асырылады.

114. Банк қызметкері Клиентке қызмет көрсету кезінде көмек көрсету қажеттілігін нақтылауға және Клиенттің келісімі болған кезде оның жүріп-тұруы кезінде бірге жүруін қамтамасыз етуге, сондай-ақ үлкейтілген қаріпті пайдалануды қоса алғанда, ақпаратты қолжетімді және ыңғайлы нысанда беруді ұйымдастыруға міндетті.

115. Арнайы дағдылар немесе қосымша қолдау талап етілетін жағдайларда қызмет көрсетуге мүгедектігі бар адамдармен және халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарымен өзара іс-қимыл жасау бойынша тиісті оқудан өткен бөгде ұйымның ымдау тілі аудармашысы тартылады.

116. Банк қызметкерлері МБА мен ХЖШТ-ға банктік қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған қажетті ұйымдастырушылық және консультациялық көмек көрсетеді, бұл ретте Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Банктің ішкі нормативтік құжаттарында өзгеше тікелей көзделмесе, клиенттің атынан заңдық маңызы бар әрекеттерді не ақшалай қаражатқа билік етуге немесе клиенттің аутентификация құралдарын пайдалануға байланысты әрекеттерді жасауға құқылы емес.

117. Клиентке ықтимал сыртқы ықпал ету белгілері не алаяқтық әрекеттер жасау белгілері болған кезде Банк қызметкері Банктің ішкі рәсімдеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес клиенттің ерік білдіруін тексерудің қосымша шараларын қолдануға құқылы.

Банк бөлімшелерінің/филиалдарының қолжетімділігіне қойылатын талаптар

118. Банк объектілерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету талаптары мүгедектігі бар клиенттер мен халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарына барудың барлық кезеңінде қызметтерді кедергісіз пайдалануға мүмкіндік беретін кешенді жағдайларды көздеуге тиіс. Оның ішінде:

➤ Кіру тобы тұтқалары бар пандустарды, тайғанамайтын жабындарды, сондай-ақ тактильді навигация құралдарын қоса алғанда, қауіпсіз және ыңғайлы қолжетімділікті қамтамасыз ететін элементтермен жабдықталуға тиіс. Кіру есіктерінің конструкциялық параметрлері оларды, оның ішінде кресло-арбамен қозғалатын адамдардың еркін пайдалануын қамтамасыз етуге тиіс.

➤ Бөлімшенің ішкі кеңістігі жүріп-тұру жолдарындағы кедергілерді болдырмайтындай және кассалық кабиналарды қоса алғанда, барлық қызмет көрсету аймақтарына еркін қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ететіндей ұйымдастырылуға тиіс. Үй-жайлардың жоспарлау шешімдері мен жабдығы кресло-арбаларды пайдаланатын клиенттердің қажеттіліктерін ескеруге, сондай-ақ қажет болған кезде подиумдар сияқты тиісті инфрақұрылым элементтерін көздеуге тиіс.

➤ Санитариялық үй-жайларда тұтқалармен және қауіпсіз әрі дербес пайдалануды қамтамасыз ететін көмек шақыру құралдарымен жабдықталған әмбебап кабиналар болуға тиіс;

➤ Ақпараттық орта клиенттердің әртүрлі қажеттіліктерін ескере отырып бейімделуге тиіс: оқылатын үлкейтілген қаріптер, түсінікті пиктограммалар, сондай-ақ нашар көретіндерге арналған арнайы шешімдер, оның ішінде үй-жайда бағдарлануға көмектесетін тактильді көрсеткіштер мен мнемосхемалар қолданылуға тиіс.

119. Банк бекітілген эвакуация жоспарларына және ішкі рәсімдерге сәйкес, көрсетілген клиенттердің әртүрлі санаттарының ерекшеліктерін ескере отырып, мүгедектігі бар адамдар мен халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарын қауіпсіз эвакуациялауды қамтамасыз етеді.

120. Банк кемсітпеу, қаржылық қызметтерге тең қол жеткізу, дербес деректер мен банк құпиясын қорғау қағидаттарын сақтай отырып, сондай-ақ алаяқтық әрекеттердің алдын алу қажеттілігін ескере отырып клиенттерге қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді.

121. Клиент банктік қызметтерді алу кезінде үшінші тұлғалардың сенім білдірілген тұлға ретінде қатысуын ерікті түрде айқындауға құқылы.

122. Клиент сенімхатты кез келген уақытта кері қайтарып алуға құқылы. Алаяқтықтың алдын алу мақсатында кері қайтарып алу Банк белгілеген мерзім өткеннен кейін күшіне енуі мүмкін.

123. Клиенттің атынан операцияларды жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген сенімхат негізінде әрекет ететін өкіл арқылы ғана жол беріледі.

124. Ықтимал алаяқтық белгілері анықталған кезде Банк Банктің ішкі рәсімдерінде белгіленген тәртіппен клиенттің ерік білдіруін қосымша растау алынғанға дейін операцияларды жүргізуді уақытша тоқтата тұруға құқылы.

15-тарау. Банк пен банктік қызметтерді тұтынушы арасындағы келіспеушіліктерді реттеу кезінде банктік қызметтерді тұтынушымен және банк/қаржы омбудсманымен өзара іс-қимыл тәртібі.

125. Қарыз алушы – жеке тұлға Банкке жүгінгеннен кейін дауды сотқа дейін реттеу тәртібімен банк/қаржы омбудсманына мына жағдайларда жүгінуге құқылы:

1) Банктің банктік қарыз шартына қарыз алушы ұсынған өзгерістерді енгізуден бас тарту туралы шешімін алу;

2) банктік қарыз шартының талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізбеу;

3) қарыз алушының, оның ішінде банктік қарызды алаяқтық тәсілмен ресімдеуге байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтан жәбірленуші деп танылған қарыз алушының құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қанағаттандыру бөлігінде Банкпен келісімге қол жеткізілмеген кезде.

Осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда қарыз алушы – жеке тұлға Банктің шешімін алған күннен бастап үш ай ішінде Банкке банк/қаржы омбудсманына жүгінгені туралы бір мезгілде хабарлай отырып, банк/қаржы омбудсманына жүгінуге құқылы.

Банк/қаржы омбудсманы Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңына сәйкес халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын қарыз алушының кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес ипотекалық қарыз, оның ішінде ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша өтінішін қарау кезеңінде кепілге салынған мүлікке сот немесе соттан тыс тәртіппен өндіріп алуды қолдануға жол берілмейді.

Банк/қаржы омбудсманы 2026 жылғы 1 шілдеден бастап Заңның 61-бабының 9-тармағына сәйкес банк/қаржы омбудсманы жанында жұмыс істейтін ұжымдық реттеу платформасы арқылы берешекті ұжымдық реттеуді жүзеге асырады.

126. Алынатын банктік қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған және Банкпен келісімге қол жеткізілмеген кезде банктік қызметтерді тұтынушы өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін Реттеушіге, сондай-ақ сотқа жүгінуге құқылы. Осы мақсаттарда Банк Клиентке Банктің, банк/қаржы омбудсманының және Уәкілетті органның орналасқан жері, пошталық және электрондық мекенжайлары және интернет-ресурстары туралы ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

16-тарау. Өзге операциялар, оның ішінде банкаралық операциялар

127. Осы Тарау Банктің өзге операцияларды, оның ішінде банкаралық операцияларды жүзеге асыру және қаржы институттарымен (Контрагенттермен) кәсіби өзара іс-қимыл жасау тәртібін реттейді.

128. Банктің Контрагенттермен қатынастары кәсіби сенім, нарықтық паритет және кәсіби құзыреттілік қағидаттарына негізделеді. Тараптар бір-бірін қаржы нарығының кәсіби қатысушылары деп таниды, осыған байланысты банктік қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғауға бағытталған осы Ережелердің ережелері осы Тараумен реттелетін операцияларға қолданылмайды.

129. Банк операциялардың мынадай түрлерін жүзеге асырады:

➤ Ақша нарығындағы операциялар (Money Market): банкаралық қарыздар мен депозиттерді тарту және орналастыру, кредиттік желілер, овердрафттар, РЕПО операциялары, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен ашық нарықтағы операциялар.

➤ Қазынашылық және валюталық операциялар: айырбастау операциялары (Spot, Forward және т.б.), валюталық және пайыздық своптар, сондай-ақ туынды қаржы құралдарымен басқа мәмілелер (деривативтер).

➤ Құжаттамалық және кепілдік операциялар: қаржы институттарының тапсырмасы бойынша және/немесе пайдасына банкаралық кепілдіктерді, аккредитивтерді (оның ішінде резервтік/standby) беру, авизолау, растау және алу.

➤ Агенттік, есеп айырысу және өзге қызметтер: корреспонденттік шоттарды ашу және жүргізу, трансшекаралық төлемдерді жүргізу, кепіл жөніндегі агенттің, есеп айырысу агентінің функцияларын орындау, синдикатталған мәмілелерге кредитор және/немесе агент ретінде қатысу.

➤ Факторингті, форфейтингті, төлемдерді кейінге қалдыруды және дисконттауды, оның ішінде құжаттамалық аккредитивтер бойынша операцияларды қоса алғанда, өзге операциялар.

130. Операциялар, мәмілелер тиісті шарттар немесе мәмілелер негізінде сауда жүйелері, банкаралық коммуникация жүйелері (SWIFT) немесе өзге қорғалған байланыс арналары арқылы оферта мен акцепт алмасу жолымен жасалады. Қорғалған байланыс арналары арқылы берілген электрондық хабарламалар, сондай-ақ мәміленің елеулі талаптарын қамтитын телефон сөйлесулерінің жазбалары толық заңдық күші бар мәміленің тиісінше растамасы болып табылады.

131. Операциялар мен мәмілелерді жүзеге асыру кезінде Банк халықаралық стандарттарды басшылыққа алады: UCP 600, URDG 758, ISP98 (құжаттамалық операциялар); ISDA, GMRA (деривативтер және РЕПО); LMA/APLMA (синдикаттау) және басқалар.

132. Банкаралық есеп айырысулар банкаралық коммуникация жүйелері арқылы алынған нұсқауларға сәйкес корреспонденттік шоттар (Nostro/Vostro) арқылы жүзеге асырылады.

133. Банк төлемдер мен клирингтік операцияларды жүргізу үшін белгіленген «cut-off times» сақталуын қамтамасыз етеді. Клирингтік операциялар мен өзара есеп айырысуларды жүргізу кезінде Банк контрагент тәуекелдерін төмендету және өтімділікті оңтайландыру үшін бас келісімдердің, тиісті шарттардың талаптарына сәйкес әртүрлі тетіктерді қолдануға құқылы.

134. Банк KYC/AML рәсімін, Контрагенттердің санкциялық бейінін және кредит қабілеттілігін тексеруді жүзеге асырады.

135. Тәуекелдерді басқару лимиттерді бақылауды, CVA/DVA есептеуді, settlement risk (есеп айырысу тәуекелін) бағалауды және стресс-тестілеуді жүргізуді қамтиды.

136. Контрагенттің кредит қабілеттілігі нашарлаған кезде Банк операцияларды тоқтата тұруға, қосымша қамтамасыз етуді талап етуге немесе мәмілелерді мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

137. Мәмілелер жазбаша шарттармен, салалық келісімдермен немесе қағаз жеткізгіштегі құжаттың заңдық күшіне ие электрондық хабарламалар алмасу арқылы рәсімделеді.

138. Осы Ережелер мен тиісті шарттардың талаптары арасында қайшылықтар болған жағдайда шарттардың талаптары басымдыққа ие болады. Операцияларды жүзеге асыру кезінде нақты талаптар осы Ережелермен немесе жазбаша шарттармен реттелмеген жағдайларда тараптар тиісті қаржы нарығында қалыптасқан іскерлік айналым әдет-ғұрыптарын және жалпы қабылданған нарықтық практиканы басшылыққа алады.

139. Егер мәміленің жасалу фактісі сауда жүйелеріндегі жазбалармен, коммуникациялар хаттамаларымен (SWIFT, электрондық пошта) немесе тараптардың ерік білдіруін куәландыратын өзге де объективті деректермен расталса, жекелеген мәміленің

құжаттамалық ресімделуінің болмауы немесе толық болмауы мұндай мәміленің жарамдылығына дау айтуға негіз болып табылмайды.

140. Тараптар жекелеген жағдайларда операциялардың біржақты өкімдер, растаулар (confirmations) негізінде немесе тараптар мұндай операцияны орындау басталған сәттен бастап заңдық міндетті деп танитын қалыптасқан өзара іс-қимыл практикасы (course of dealing) шеңберінде жасалуы мүмкін екенін мойындайды.

141. Қолданылатын құқық шарттардың талаптарымен айқындалады. Ескерту болмаған кезде Қазақстан Республикасының материалдық және процестік құқығы қолданылады.

142. Операциялық талаптар, тарифтер, операцияларды жүргізу тәртібі және өзге де аспектілер Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен немесе тиісті келісімдермен айқындалады. Агенттік қызметтер көрсету кезіндегі құқықтар мен міндеттер агенттік шарттың талаптарымен айқындалады.

143. Жауапкершілік: егер тиісті шартта өзгеше көзделмесе, Банк ақылға қонымды банктік практикаға сәйкес таңдаған үшінші тұлғалардың (корреспонденттердің, депозитарийлердің, клирингтік ұйымдардың) әрекеттері немесе әрекетсіздігі үшін жауап бермейді. Банк өзінің бақылауынан тыс төлем жүйелерінің, банкаралық коммуникация жүйелерінің немесе өзге инфрақұрылымдық платформалардың жұмысындағы техникалық іркілістер салдарынан туындаған залалдар үшін жауап бермейді.

144. Егер міндеттемелердің ішінара немесе толық орындалмауы еңсерілмейтін күш мән-жайларының, оның ішінде жаһандық қаржы желілерінің жұмысындағы іркілістердің, шектеу шараларының (санкциялардың) енгізілуінің, валюталық заңнамадағы өзгерістердің немесе міндеттемелерді әдеттегі тәртіппен орындауды мүмкін емес ететін өзге оқиғалардың салдары болса, Тараптар жауапкершіліктен босатылады.

145. Банкаралық операциялар шеңберінде алынған барлық ақпарат қатаң құпия болып табылады. Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында, тиісті шарттарда көзделген жағдайларды немесе ақпаратты реттеуші органдар талап ететін жағдайларды қоспағанда, оны үшінші тұлғаларға жария етпеуге міндеттенеді.

146. Туындайтын даулар келіссөздер арқылы шешілуге тиіс. Келісімге қол жеткізілмеген кезде даулар тиісті шарттарда немесе бас келісімдерде көзделгендей не қалыптасқан өзара іс-қимыл практикасы (course of dealing) шеңберінде сот органдарының немесе төреліктің қарауына беріледі.

17-тарау. Қорытынды ережелер.

147. Ережелер мына жағдайларда қайта қаралуға тиіс:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасы және (немесе) Банктің ішкі нормативтік құжаттары өзгерген кезде;
- 2) осы Ережелердің шекті сомалары, мөлшерлері, Мөлшерлемелері, Тарифтері және өзге де ережелері, нормалары мен талаптары өзгерген кезде.

148. Ережелерге өзгерістер Ережелердің 147-тармағын ескере отырып айқындалатын қажеттілікке қарай Банктің Уәкілетті органдарының (Комитеттер, Басқарма, Банктің Директорлар кеңесі) бастамасымен әзірленіп, бекітуге енгізіледі.

149. Осы Ережелерге өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды уақтылы енгізуге және Ережелердің 147 және 148-тармақтарын тиісінше орындауға жауапты Банктің құрылымдық бөлімшелері:

- Корпоративтік бизнес блогы (заңды тұлғаларға қатысты ережелер, оның ішінде (онымен шектелмей) шекті Мөлшерлемелер мен Тарифтер бөлігінде);
- Бөлшек бизнес блогы (жеке тұлғаларға қатысты ережелер, оның ішінде (онымен шектелмей) шекті Мөлшерлемелер мен Тарифтер бөлігінде);
- Транзакциялық бизнес және халықаралық операциялар блогы (халықаралық және өзге операцияларға қатысты ережелер бөлігінде);
- функцияларына 147-тармақта көзделген өзгерістер және тұтастай осы Ережелер әсер ететін Банктің барлық өзге де құрылымдық бөлімшелері.

**Банктік қызметті жүзеге асырудың жалпы талаптары туралы Ережелерге
қосымшалар**

Қарыздар, Салымдар және ағымдағы шоттар бойынша шекті сомалар, мерзімдер және сыйақы мөлшерлемелері (Жеке тұлғалар үшін)

1.1 Қабылданатын Салымдар сомаларының шекті төменгі және жоғарғы шектері:

- KZT: min – KZT 1000, max – шектеусіз
- USD: min – USD 10, max – шектеусіз
- GBP: min – GBP 10, max – шектеусіз
- EUR: min – EUR 10, max – шектеусіз
- RUB: min – RUB 1000, max – шектеусіз
- CNY: min – CNY -10, max – шектеусіз

1.2 Қабылданатын Салымдар мерзімдерінің шекті төменгі және жоғарғы шектері:

- KZT: min – овернайт, max – 18 жыл
- USD: min – овернайт, max – 18 жыл
- GBP: min – овернайт, max – 18 жыл
- EUR: min – овернайт, max – 18 жыл
- RUB: min – овернайт, max – 18 жыл
- CNY: min – овернайт, max – 18 жыл

1.3 Сыйақы есептелетін қабылданатын Салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті төменгі және жоғарғы шектері:

- min – 0%, max – жеке тұлғалардың теңгемен және шетел валютасымен жаңадан тартылатын/ұзартылатын депозиттері бойынша «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ ұсынатын сыйақы мөлшерлемелері шегінде.

1.4 Ағымдағы шоттар бойынша шекті сомалар, мерзімдер және сыйақы мөлшерлемелері:

Сомалардың шекті төменгі және жоғарғы шектері

Сомалардың шекті төменгі және жоғарғы шектері

